Сыр бойы

№168-169
(19651-19652)
10 ҚАРАША,
СЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

BÚGINGI SANDA

BÁRI DE ÓZIMIZDEN BASTALADY 2»

QALDYQTY QAITA ÓŃDEÝ QALAI JÚZEGE ASÝDA? 4»

JORǴA - JÚIRIK 5»

«ÚI SATYLADY» ESEPSIZ NESIE TALAIDY TYǴYRYQQA TIREP OTYR 8»

PREZIDENT

ТӨРАҒАЛЫҚҚА ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРІЛДІ

Бейсенбіде Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясы өтті.

Жиынға Беларусь Республикасының Президенті А.Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті С.Жээнбеков, Ресей Федерациясының Президенті В.Путин, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Рахмон, Армения Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы Н.Пашинян және осы ұйымның Бас хатшысы міндетін атқарушы В.Семериков қатысты.

Кеңес мүшелері алдымен шағын құрамда халықаралық және өңірлік қауіпсіздік проблемаларын, Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына мүше мемлекеттердің осы ұйым аясындағы және халықаралық аренадағы ықпалдастық мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев кеңейтілген құрамда өткен жиын барысында Қазақстанның Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына төрағалығы кезінде қол жеткізілген нәтижелер жөнінде айтты.

– Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымын беделді әрі тиімді құрылым деп санайды. Оған мүше елдердің белсенді әрі жан-жақты қолдау көрсетуінің арқасында биыл Қазақстанның төрағалық ету барысындағы басымдықтары табысты іске асты, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев жоспарға сәйкес әскери салада Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының біріккен штабын құру және Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының Дағдарыс кезінде әрекет ету орталығының қызметіне толық кірісу үшін әзірлік жұмыстарының аяқталғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қырғызстан аумағында өткен «Жауынгерлер бауырластығы – 2018» әскери оқу-жаттығуының нәтижелері жөнінде және еліміздің төрағалығы кезінде терроризмнен ада әлемге қол жеткізу жолын көрсететін әмбебап кодекс қабылдау туралы бастамамыздың жүзеге асырылғанын айтты. Бұл құжатты 70-тен астам мемлекет мақұлдаған.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы серіктесінің және ұйым бақылаушысының мәртебесін заңды түрде бекіту жөнінде шешім қабылданғанын мәлімдеді.

***

Қазақстан Президенті Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі сессиясының қорытындысы бойынша баспасөз мәслихатын өткізді.

– Біз мемлекеттеріміздің қауіпсіздікті нығайту жолындағы өзара іс-қимылының барлық дерлік мәселелерін қарастырдық. Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымын дамытудың негізгі бағыттары, сондай-ақ халықаралық және өңірлік саясаттың өзекті проблемалары жөнінде сындарлы пікір алмастық. Қазақстанның Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына төрағалық етуіне орай басымдықтардың қалай іске асқанын қорытындыладық, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына мүше мемлекеттер тарапынан Қазақстанның осы халықаралық ұйымға төрағалық етуі кезінде атқарған жұмыстарына жоғары баға берілгенін атап өтті.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенті бүгінгі сессия қорытындысы бойынша Заңсыз миграцияға қарсы тұру жүйесін дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспары және Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына мүше елдердің мүддесі үшін үйлестірілген ақпараттық саясатты дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілгенін айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев сөзінің соңында БАҚ өкілдеріне келесі сессияаралық кезеңде Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына Қырғыз Республикасының төраға болатынын мәлімдеді.

ҚАЗАҚСТАН - РЕСЕЙ: ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАРҚЫНДЫ ДАМИДЫ

Қазақстан Президенті Петропавл қаласына келген соң, темір жол автоматикасы, телемеханика, байланыс, қауіпсіздік жүйесі құрылғыларын және мұнай-газ кешені кәсіпорындарына арналған құрал-жабдықтар шығаруға маманданған зауытты аралап көрді, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қ.Аксақаловтың өңірдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың дамуы, индустриялық жобалардың іске асырылуы және «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдау аясындағы тапсырмалардың орындалуы жөніндегі есебін тыңдады.

Нұрсұлтан Назарбаев облыс әкімінің баяндамасынан кейін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының өңіраралық ынтымақтастық форумына әзірлік аясында аймақты дамыту бағдарламасының тиімді іске асырылып жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы облыстың аграрлық әлеуетіне тоқталып, бұл өңірде ауыл шаруашылығы саласын дамыту қажеттігін айтты.

Елбасы тұрғын үй және инфрақұрылым нысандарын салу, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру жұмыстарының нәтижелеріне де тоқталды.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев өңір жұртшылығымен кездесті. Облыс тұрғындары әлеуметтік салаға қатысты бағдарламалар қабылдап, халыққа ұдайы қамқорлық көрсетіп келе жатқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс білдірді.

***

Петропавл қаласында Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин «Қазақстан мен Ресейдің туризм саласын дамытудың жаңа тәсілдері мен үрдістері» атты көрмені аралап көрді.

Қазақстан мен Ресей Президенттері екі мемлекеттің туризм саласын дамытудың жаңа жоспарлары мен перспективаларына арналған көрмеге барды.

Көрмеге қазақстандық және ресейлік компаниялардың екі ел тұрғындарына арналған ауқымды туристік өнімдері қойылған.

***

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесті.

Кездесу барысында тараптар ынтымақтастықтың маңызды мәселелері мен туризм саласындағы қатынастарды одан әрі дамыту перспективаларын талқылады.

Қазақстан Президенті бүгінгі өңіраралық ынтымақтастық форумы тақырыбының өзектілігін атап өтіп, мәдени және экономикалық ықпалдастық аясында туризм саласындағы ынтымақтастықты өркендетудің маңыздылығына арнайы тоқталды.

В.Путин Қазақстанның сауда-экономика саласындағы негізгі серіктестердің бірі екенін атап өтіп, екі жақты қарым-қатынастардың жоғары даму қарқынына назар аударды.

Сонымен қатар, Ресей Федерациясының Президенті туризм саласындағы екі елдің ынтымақтастығын одан әрі нығайтудың әлеуеті зор екенін айтты.

Келіссөздер соңында мемлекеттер басшыларына «Байқоңыр» ғарыш кешенін дамытуға арналған жоба таныстырылды. Сонымен қатар, Президенттерге әлеуметтік нысандардың салыну барысы, инфрақұрылым желілерінің жөнделу нәтижелері және Байқоңыр қаласындағы тұрғын үй алаптарының газбен қамтамасыз етілуі жөнінде мәлімет берілді.

KOMMÝNALDYQ QYZMET

«АҚЫЛДЫ ҚОНДЫРҒЫЛАР» ТӨЛЕМДІ АРЗАНДАТАДЫ

«Ақылды қала» тұжырымдамасының бір тармағы – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа Жолдауында коммуналдық қызмет пен табиғи монополияларды реттеу саласында тарифтың жасалуы мен тұтынушылардан жиналған қаржының жұмсалуы ашық еместігін атап өткен еді.

Шынар БЕКБАН

Бүгінде Қызылордада электр және ауыз сумен жабдықтаушы коммуналдық кәсіпорындарда «Смарт сити» үлгісінде жұмыс жасау, энергоүнемдеуіш қондырғылар, қашықтықтан басқарылатын есептеуіш құралдарын орнату, бір орталықтан басқару жүйесін енгізу жұмыстары қолға алынды.

Жолдауда жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін Инвестициялар және даму министрлігі «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты цифрландыру: ашықтық және сапа» тақырыбында кешенді жоспар құрып, жауапты мамандарға жүктеді. Осы мақсатта аталған министрліктің құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов облысқа жұмыс сапарымен келіп, атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, бірқатар нысандарды аралап көрді.

Алдымен «Қызылорда электр тораптары компаниясы» АҚ ғимаратында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы цифрландырумен танысты. Бүгінде Қызылордада «109 қызметі», «Бірыңғай төлем орталығы», «Қауіпсіз үй» жобалары бар. Тұрғын үй-коммуналдық саласы дамып келеді. Комитет төрағасы бұл бағытта түрлі жоба-жоспарлар жасалатынын айтты. Жаңа өнім – «Ақылды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы» жобасының қызметі таныстырылды. Оның аясында пәтерлерге күн сайын тұтынатын судың, газдың, электр мен жылудың көлемі туралы ресурстық компанияға хабар беріп отыратын ақылды құралдар орнатылмақ. Ақылды технология коммуналдық ресурстардың нақты қанша пайдаланылғаны, түрлі апаттық жағдайларда және тұрғындардың заңсыз қолдануы салдарынан компанияға келген шығынды дәл көрсетуге мүмкіндік береді. Комитет төрағасы «Ақылды үй» пилотты жобасы аясындағы есептеуіш құралдарының жертөледегі құрылысымен танысты.

– «Смарт сити» жобасымен қаладағы Есімхан көшесіндегі 6 тұрғын үйдің өжірелеріне пилоттық жобада «LoRaWAN» технологиясының базалық станция мен модем су, жылу және жарық құрылғыларына орнатылды. Жалпыүйлік есептеуіш құралдары орнатылған жағдайда тұрғындар 36 процентке аз ақы төлейді. Коммуналдық шығындарды жоғары деңгейдегі «ақылды құралдармен» есептеу тиімді, – деді «Қызылордатранстелеком» АҚ филиалының менеджері Алмасбек Арманов.

БАСПАСӨЗ – 2019

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2019 жылдың бірінші жартыжылдығына "Сыр медиа" ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны жүргізілуде.

Облыстық "Сыр бойы" газетінің жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге, 12 айға – 6000 теңге.
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ-65460.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге, 12 айға – 8000 теңге.
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 15460.

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.

Баспасөзге жазылу бойынша 40-05-81 телефонына хабарласуға және ондағы мамандардың жазылу жүргізу қызметін үйден пайдалануға болады.

TILSHI – ELDEN

ІРГЕЛІ ІҢКӘРДАРИЯ

Кешегі дәуірдің елуінші-алпысыншы жылдары Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту, оның ішінде қой санын 50 миллионға дейін жеткізу міндеті қойылған. Мал басын өсіріп, өнімін молайту үшін шалғайдағы шөлейт жерлерді, мал жайылымдарын игеру керек болды. Соған байланысты 1964 жылы «Шөл және шөлейт жерлерді игеру туралы» қаулымен Қызылорда облысында 6 шаруашылық – Жаңадария, Аққыр, Қуандария, Жаңақала және Қазалы ауданындағы бұрынғы қой фермасы Қызылқұм совхоздары болып құрылды. Солардың бірі – Жаңадарияның оңтүстік жағында Қызылқұм етегіндегі «Мүлкәлән әулие» аталатын жерде Іңкәрдария совхозының алғашқы ұйымдастыру жұмыстары басталып кетті.

Ержан ҚОЖАСОВ

Мүлкәлән әулие дегеніміз кім? Тарихта Мүлкәлән – дін таратушы, емші кісі болған деседі. Халыққа қалтқысыз қызмет қылған соң оған үлкен мазар салынған. Бұл кісінің жеті жерде жайы барын жергілікті тұрғындар айтады. Осындай қасиетті жерде 1965 жылы қазығы қағылған ауылдың бүгінгі тәуелсіздік жылдарында да қаймағы бұзылмай, тіршілігінің мығым екеніне көз жеткізіп, көңілді бірлеп қайттық.

2-бет

JOLDAÝǴA – QOLDAÝ

БӘРІ ДЕ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Көптің арасында «Жолдауды оқыдық, тыңдадық, несіне айта береміз?» деушілер жеткілікті шығар деп ойлаймын. Ойым дұрыс болмаса, қуана тұрып, кешірім сұраймын. Бізді қоршап, ойымызды сан жаққа тартып жүрген құбылыстардан қазіргі кезде бас айналады. Ал, шашыраңқы ой сізді қозғайтын күшке айнала алмайды. Бірақ сол ойды бірнеше рет қайталап, назарыңызды жинақтауға және оның күшін арттыруға болады. Яғни, әлсіз әрі шашыраңқы ойлар – әлсіз және шашыраңқы күш те, мықты әрі жинақталған ойлар – мықты және жинақталған күш болып саналады. Ойды белгілі бір бағытқа шоғырландыруда пікір алмасудың орны ерекше. Сондықтан ісімізге, өзімізге қажетті идеяларды үнемі қайталап, ойымызды, ісімізді нақтылап отыруымыз керек. «Бұндай ой бөлісуден не біле аламын? Не істеуім керек? Үміт артарым неде?» деген сұрақтарға жауап аламыз, өзімізді қозғаймыз, санамызды серпілтеміз.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың кезекті Жолдауындағы тараулардың барлығы еліміздің экономикалық дамуы және өмір сапасын арттыруды үйлестіріп, біртұтас қарастырылуымен маңызды болды.

Елбасымыз «Әрбір Жолдауымда халықтың тұрмыстық, әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағыт ұстанамын» деген сөзімен жаңа Жолдаудың мақсат-мұратын бірден анықтап берді.

Жолдау – негізінен алдағы атқарылар жұмыстардың бағыт-бағдарын анықтайтын бағдарламалық құжат. Осының негізінде Үкіметте жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы жасалады. Облыстағы атқарылар шаралары облыс әкімі Қ.Көшербаев Жолдаудан кейін өткен облыстық активте жан-жақты талдап, әр сала бойынша шегелеп тапсырды.

Өңір басшысының баяндамасын тыңдағандар, газеттен оқығандар облысымызда көп үдерістер алдын ала дұрыс болжанып, жұмыс жасалуда екенін байқаған болар. Оның ішінде тұрғын үйге қолжетімділікке байланысты «Орда» бағдарламасы, жастарға қамқорлықтың кешенді шаралары, әсіресе, кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарын және басқа да баянды бастамаларды айта аламыз.

Бүгінгі заманның ерекшелігі, жаһандық және жергілікті, жеке проблемалар өзара тоғыса түсуде. Осындай жағдайда, еліміздің табысқа жетуінің кепілі, Отанымыздың негізгі байлығы – адам капиталының даму мәселесі болып отыр. Бұл өз тарапында қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуіне тікелей байланысты.

Өкінішке орай, біз адам ретінде «Жолдау маған не береді?» деп қана күтеміз. Керісінше, «Жолдау менің тұлғаға айналу мүмкіндігімді пайдалануыма тағы қандай әсері болады?» деп қабылдауымыз қажет. Өйткені, мемлекет өз тарапынан халқымыздың өмір сапасын арттыру жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Мысалы Жолдаудағы ең төменгі жалақының 28 мыңнан 42 мың теңгеге өсуі еңбегі төменгі тарифпен бағаланатын халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігін ынталандыратын болады.

Әрқайсымыздың әл-ауқатымыздың сапасы табысымыздың өсуімен тығыз байланысты. Ал оған «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегендей, өз кәсібінің озық маманы немесе жеке кәсібін жақсы деңгейде дамыта алғанда ғана қол жеткізе аламыз. Тарылмай, тарықпай өмір кешудің бір ғана жолы – еңбек ету, кәсібіңді иелену. Озық 30 елдің қатарына еркін енуіміздің кепілі – кәсіпкерлікті экономикамыздың алдыңғы қатарына шығару. Кәсіпкерлік қасиетті ұлтымыздың ең жақын досы болғанда тәуелсіздігіміз тұғырлы бола түседі. Көшбасшылықтың алуан қырын қамтитын құбылыс ретінде кәсіпкерлік еркін болудың негізгі тетігі. Еркіндікті сезіне алғандар ғана еркін ойлап, көтеріңкі көңілге ие болады. Көңілді болсақ, ойымыз да сергек. «Тарылмай жүрсең көңіл әдемі, тарықпай жүрсең өмір әдемі» екенін ұмытпайық. Ондайда жақсы ойлар сізді алға сүйрейді. Көңілсіз ой алға басуыңызға мүмкіндік бермейді. Көзқарас салғырт болса, өзімізді төмен бағалап, арманымыздың асқақтығынан айырыламыз. Ал армансыз адам, қанатсыз құспен тең.

Облыс әкімдігі, облыстық мәслихат, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы, облыстық қоғамдық кеңес, кәсіпкерлер палатасы бірлесіп кәсіпкерлікті жаппай қолдау шараларын қолға алды. Мақсат – тұрғындардың экономикалық сауатын көтеру, оларды бизнеске тарту, өз-өздеріне деген сенімді күшейту, жергілікті атқарушы билік пен қаржылық ұйымдарды осы жұмысқа жұмылдыру. Қазіргі төртінші технологиялық революция жағдайында тек мемлекетке арқа сүйеп қалған халықтың бәсекелестікке төтеп бере алмасы әбден анық. Мемлекет өз тарапынан мол мүмкіндік қалыптастыруда. Алайда, социалистік сананың әсерінен көпшілік «үкімет аш қалдырмайды» деген түсініктен әлі де алшақ кете алмай жүр. Тек мемлекетке сеніп қалмай, өзің әрекет жасағаның дұрыс. «Кәсіпкер» сөзі француз тілінің «әрекет жасау» деген сөзінен шыққан.

Әрбір адамның басты арманының бірі – еркіндікте болуы. Ал, еркіндік дегеніміз – өзгеруге еш кедергінің болмауы. Жаңа технологиялар, роботтандыру мен автоматтандыру адам капиталына деген талаптарды күннен-күнге күшейтуде. Мамандықтардың бұрынғыдан да нақтыланып, жіктеле түсуі адамдарды дараландырады, бәсекелестік тудырады, шеңбері тар мамандардың пайда болуына әкеледі, жеке адамдардың өзгерістерге бейімділігін талап етеді. Адамдардың барлығына дерлігі өмірінің толыққанды проблемасыз болғанын қалайды. Бірақ проблемалар өмірдің маңызды және мағыналы бір бөлшегі екенін мойындауымыз қажет. Өзгеруге ынталы, өмірге сенімді, бойында рухы мықтылар үшін ғана проблема қасірет емес, қайта жетістікке жетелейтін құбылыс болып саналады. Өмірге бейімделмегеннің ісі өнбейді. Сондықтан, кез келген уақытта өзгеруге дайындығымызға қатысты өз-өзімізге баға бере алуымыз әрқайсымыз үшін өте маңызды. Өйткені, өзін-өзі төмен бағалайтын адамдар өзіне жоғары баға беретіндерге қарағанда тағдырдың тәлкегіне тез түседі. Бұл процесте әрбір адамның қамқоршысы тек өзінің қабілеттілігі екенін түсінуі бұлжымас қағида деп білеміз.

Әл-ауқатымызды күшейтуде артық ысырапшылдық пен негізсіз шығындардан бас тартып, үнемділікке үйренудің орны ерекше. Бас-көзсіз несиеге, қарызға ұрыну борышқа батырады, алдыңызды болжауға мүмкіндік бермейді, еңсеңізді езіп, жігеріңізді жер етуі ықтимал. Қарыз күліп кіріп, жылап шығады. Табыс көп тапқанның емес, көп үнемдегеннің қолына жиналады. Белгілі бір кәсіпкер айтып еді: экономистердің зерттеуі бойынша әрбір адам өз табысының 15-25%-не дейін жинаса әлемде ешқандай кедей болмайды екен.

Әл-ауқатымыздың екінші сипаты – өмір сүру деңгейіміздің артуы екені анық. Бұл дегеніміз – білім алу, денсаулығымызды сақтауға, тұрғын үйге қолжетімділік, қауіпсіз жағдайда өмір сүру құқықтарымыздың жүзеге асуы. Бұл бағыттағы елде атқарылар жұмыстарды Елбасы Жолдауда, ал облыстағы жұмыстар туралы облыс әкімі активте айтып шықты.

Осының ішінде мамандығым педагог болған соң, өзім Жолдаудың адам капиталы мен білім беру бағыттарындағы жобаларына ерекше көңіл бөлдім. Барлығымызды шаршатқан басы бар да соңы жоқ реформаларға шектеу қойылады деп түсіндім. Елбасы барлық білім орындарын Назарбаев зияткерлік мектептерінің стандарттарына келтіруді міндеттеді. Ендігі жұмыстың басым бағыты ұстаздарымыз бен өзіміздің, ата-аналардың қолында.

Өкінішке орай, кезінде Мағжан ақын «Алты Алаштың басы қосылғанда төрдегі орын мұғалімдікі» деп көрсеткен мұғалім қызметін төрден емес, төменнен көретін басшы да, қосшы да ата-ана да арамызда жеткілікті. Қазіргі таңда ұлды емес, ұстазды кінәлауға даяр тұратынымызды жоққа шығара алмаймыз. Мұғалім білім беруге, ал оқушы білімді алуға құлықты болуға тиіс. Біз білім беру деген сөзді, білім алу деген сөзбен өзектендіруіміз керек. Осы бағыттағы жауыр болған проблемаларды Елбасының тапсырған «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданғанда бір жағына шығарамыз деп ойлаймын. Мұғалім мәртебесінің көтерілуі заң ғана емес, оны іске асыруға ұстаздар қауымының да қатысу белсенділігіне де тікелей қатысты. XXI ғасырда оқи, жаза алмайтындар сауатсыз болып саналмайды,өзіне, керекті білім алу мүмкіндігін тиімді пайдалана алмағандар сауатсыз болып табылады. Осы жұмыстардың басты ұйыстырушысы – білікті ұстаз және оның беделі.

Әрине, мұғалімдердің беделіне қағазбастылық, табыстың төмендігі, ата-аналардың шектен тыс шағымы, біліксіз, білімі төмен адамдардың мұғалімдік қызметке орналасуы сияқты факторлар кері әсер етуде. Сонымен қатар, бізде білімге қатысты ақпараттар білім беру ме әлде үгіт-насихат па ешкім ажыратып жатқан жоқ. Білім мен тәрбиеге кері әсер етер ақпаратты «жерден жеті қоян тапқандай» жарыса жариялап жатамыз. Осындай негативтер арқылы, тіске жұмсақ екен деп білім саласын жамандап, баламыздың алдында ұстаз беделін түсіргенде ұтарымыз не? Ертең сол мекемеге өз баламыз бармай ма? Оның үстіне біздің кейбір мұғалім әріптестеріміздің өзі байбалам салушылық ақпараттарға үн қосып, оның өршуіне атсалысып жатады. Ондай да қайта тұрғындарды ашу да болса сабырға тәрбиелеу зиялы адамдардың жұмысы емес пе? «Сабыр» араб тілінен алғанда өте ашы, бірақ керемет емдік қасиеті бар шөптің атауы. Сондықтан ұстаздар да ақпарат таратқанда абай болғаны дұрыс. Өйткені, қоғамның басым мүшесі мұғалімдерге құрметпен қарайды, оларға иланады. Бұдан мұғалімдер беделі артпаса, түспейді.

Ең бастысы, әрбір мұғалім, маған ата-аналар ең қымбат дүниесі – ұрпағын аманат қылып отыр ғой, өз ар-ұятымыздың алдында таза болуға ұмтылуымыз керек деп намысқа тырысқаны абзал. Ал аманатқа адал болу қазақ үшін, ең қадірлі қасиеттің бірі. «Ұстаз ұстаз емес шәкірті үшін күймесе, шәкірт шәкірт емес ұстазын ол сүймесе», – деген тәмсіл осындайда айтылған болар. Сол қасиетке мен лайықтымын деген өз-өзімізге сенімділік қалыптастыра алсақ керемет жетістіктерге жете аламыз.

Ендігі жерде маманның қабілеті қолындағы дипломмен емес, оның бойындағы роботтар, сандық технологиялар алмастыра алмайтын қасиеттермен өлшенетін болады. Өйткені роботтар атқаратын жұмыстарды адамның атқаруы қажет етілмейді.

Технологияның дамуына байланысты 2020 жылға қарай 7,1 млн жұмыс түрлері еңбек нарығынан шығып қалады. Феодализмде негізгі қор жер болды, капитализмде – капитал, ал қазір адамның тұлғалық қасиеттері негізгі қор болып табылады.

Елбасы Жолдауда «Білім беру ісінде 4К моделіне: Креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда» – деп атап өтті.

Бұл дегеніміз:

– Танымдық икемділігі, бір идея мен міндеттен екіншісіне тез ауыса алу қабілеттілігі;

– Сыни тұрғысынан ойлауға, мол ақпарат тасқынын тез игере білуге қабілетті болу;

– Өз мақсатыңызға сенімді болу және пікірлес тұлғаларды таба білу;

– Жаңа нәрселердің көбін өз алдына үйрену, оқу қабілеттігінің жоғары болуы;

– Біреуді сынай берудің орнына өз озық тәсілдеріңізді ұсыну, ең тиімді жолдарын өмірде іске асыра білуге қабілетті болу;

Бұның бәрі қашсаң құтыла алмайтын заманның талабы. Тіпті болмаса өзіміз көнбесек те, ұрпағымызды қателікке ұрындырмайық. Осыдан технологиялық, эмоционалдық ой-санадан басқа, табысқа жол ашатын тағы бір қасиет – рухтандыру идеясы. Адам өзін қанша тәуелсізбін деп санағанымен, қоғамнан тәуелсіз бола алмайды. Технологияның адамдардың бір жақты ойлауына, сөйтіп томаға-тұйықтыққа әкелетін қаупі бар. Екеуара кездесіп, қазақша айтқанда, жақыныңмен ашық-жарқын сөйлесуге қасында тұрған телефоннан қорқатын жағдайға жеттік. Қазір тіпті ата-анамен бала бір бөлмеде отырып, сөйлесуден қалып барады. Сонда неке, отбасы, жастар тәрбиесі, қалада бірлесе өмір сүру сияқты, т.б. ортақ құндылықтар мен игіліктерді не істейміз? Сол үшін барлығымыз ортақ мақсат жолындағы ортақ игіліктер мен мүмкіндіктерді бір арнаға тоғыстырып, барлық күш-жігерімізді қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қалуға күш салуымыз қажет. Тұрақтылық барлық жетістіктің бастауы. Бұндай нәтижелер билік пен қоғам мүшелерінің өзара сенімділігі мықты болған жерде болады. Осыдан барып, Жолдаудың негізгі мақсаты адам бойында сенімділік қалыптастырып, әрбір қазақстандықтардың еліміздегі, өңіріміздегі өзгерістерге атсалысуына жұмылдыру болып шығады.

Біз бүкіл ақыл-ойымызбен, жүрегімізбен, рухымызбен, физикалық күшімізбен саналы, еркін түрде ұжымдаса жұмыс жасаған жағдайда дамимыз, жетіле түсеміз, әл-ауқатымыз арта түседі. Технология қанша дамығанымен табиғи, адами қатынасты ауыстыра алмайды. Жолдаудың нәтижелі болуы алдымен рухымыз, намысымыз, жігеріміздің жоғары болуына байланысты. Қазір әлемде «рухтастық сана» термині айналымға енді. «Төртінші өнеркәсіптік революция» кітабының авторы Клаус Шваб: «рухтастық сана, яғни рухтандыру ортақ мәселелерді ұжымдық және өнегелі ой-сана арқылы шешу» деп айқындайды. Бұдан ойға түйеріміз, бір-бірімізді жаңа жетістіктерге рухтандырып отырсақ, Жолдаудан әрқайсымыз өз жолымызды табамыз, көп мәселенің оң нәтижесіне жетеміз.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
облыстық мәслихат хатшысы.

ÁLEM JAŃALYQTARY

«Euronews» телеарнасы хабарлағандай, АҚШ Қытайдың импорт тауарларына баж салығын өсіргенімен, оның ағымы әзірге толастайтын сыңайы байқалмайды. Екі ел арасындағы сауда балансы қыркүйек айында Қытай үлесіне 8,8 процент өскен.

ҚЫТАЙ ТАУАР ИМПОРТЫНАН АҚШ ҚАУІПТЕНЕДІ

Осы жағдайға байланысты АҚШ президенті Трамп алаңдаушылық білдірді. Бұған дейін Қытайға сауда соғысын жариялаған АҚШ президенті енді Қытаймен арадағы шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған қадамдарға бармақшы. Бұл орайда Трамп қараша айының соңында Аргентина астанасында өтетін әлемнің озық 20 ел басшыларының саммитін пайдаланып, осы жерде күншығыс елі мемлекеттік кеңес төрағасы Си Ци Пинмен кездескісі келетінін мәлімдеді.

Жалпы, АҚШ президентінің қазір әлемдік проблемаларға қатысты тыйым салатын үзілді-кесілді шешім қабылдап, соңынан райынан қайтатыны үйреншікті жағдайға айналған сыңайлы. Трамп бұл орайда өз елінде соңғы уақытта жаңадан ашылған 250 мың жұмыс орнына қауіп төнгенін жасырмайды.

Араб елдерінде тыныштық жоқ. Халықтың әртүрлі топтары арасындағы қақтығыс салдарынан Йемен халқының 8 млн тұрғыны аштыққа ұрынды.

ЙЕМЕН ПРОБЛЕМАСЫ ӘЛЕМДІ АЛАҢДАТАДЫ

«Euronews» тілшісіне берген сұхбатында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Гуттереш аштыққа ұрынған халыққа көмек беріліп жатқанын, бірақ оның аздық ететінін мәлімдеді. Егер бұл іске халықаралық қауымдастық бірлесіп, көмек көрсетіп араласпаса, ел халқының 14 миллионын аштық жайлайтынын атап көрсетті. Бұл ел халқының тең жарымын құрайды.

Аштықтан, әсіресе балалар зардап шегуде. Соңғы уақытта олардың арасында өлім жиілеп кетті. Мұндай гуманитарлық апат қазір Африканың бірнеше елдеріне тән болып отыр. Тұрмыстағы қолайсыздықты Еуродақ елдері басшыларының босқындарға қатысты қолданып жатқан қатаң шаралары да ушықтырып жіберді.

Қазір әлем экономикасында белең ала бастаған сауда кедергілері Орталық Азия елдерінің экономикалық өсім әлеуетін тежейтін болады. Бұл туралы жуырда халықаралық «Moody's investors service» агенттігінің сарапшылары мәлім етті.

САУДА КЕДЕРГІЛЕРІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ӨСІМІН ТЕЖЕЙДІ

Сарапшылар пікірінше, Орталық Азия елдеріне жылдам дамып келе жатқан Қытай және Үндістан нарығының жақын орналасуы дамуды тежейтін негізгі факторлардың бірі саналады.

Орталық Азия елдерінің экономикасы шикізатқа тәуелді. Сонымен бірге ұзақ жылдардан бері қалыптасқан экономиканың дағдылы үлгісі – Орталық Азия экономикасын тежейтін кедергінің бірі. Сарапшылар аймақ елдерінде 2008-2017 жылдары экономикалық өсім әлемдік өсімнен 3,4 пункт төмен болғанын дәйектеме ретінде келтіреді. Бұл орайда тауарлар жеткізуде инфрақұрылымның тарлығы жөнінде де айтылады.

«Россия-24» телеарнасы хабарлағандай, АҚШ Иранға қарсы экономикалық санкция жариялады. Санкция талабы бойынша Иран сыртқы рынокқа басты экспорты – мұнайды шығара алмайды.

ИРАНҒА ҚАРСЫ САНКЦИЯ ТИІМДІЛІК БЕРЕ МЕ?

Сонымен бірге АҚШ Иранның 700 заңды және жеке тұлғаларына да санкция жариялады. Бірақ, кейіннен АҚШ президенті Трамп Иранмен сауда жасауды тоқтатудың әлемдегі 8 мемлекетке қатысы болмайтынын мәлімдеді.

Иранның ядролық қару қаупін сылтауратқан АҚШ-тың бұл қадамын Еуродақ елдері қолдамай отыр. Тіпті Біріккен Ұлттар Ұйымындағы Иранның тұрақты өкілі ұйымның бас хатшысы Гуттерештен БҰҰ қауіпсіздік кеңесінің қағидаларына қайшы келетінін заңсыз әрекеттерді тоқтатуды талап етті.

Дайындаған **Ж.ӘЛМАХАН.**

INTERNET-KONFERENTSIIA

БАЙҚОҢЫРДА КОММУНАЛДЫҚ ТАРИФ АРЗАНДАУЫ МҮМКІН

Облыс бойынша ең қымбат коммуналдық тариф – Байқоңыр қаласында. ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы басшысының орынбасары Мырзабек Демесінов бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңындағы интернет-конференцияда айтты.

Назерке САНИЯЗОВА.

– Жылу үшін – 67, ыстық су үшін – 46, жарық үшін 36 процентке жоғары. Қызмет құнын төмендетудің жалғыз шарты – электр желілерін Қызылорда электр тарату тораптары компаниясының теңгеріміне беру. Бұл сағатына 1 кВт электр энергиясын босату бағасын қосымша күн салығынсыз 16,41 теңгеге дейін төмендетуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Онлайн желідегі сұрақтардың бірі «жұлдызды қалашықта» салынып жатқан үйлерден пәтер алу жолдары жөнінде болды. 1990 жылдан бері бірінші рет қазір мұнда жаңадан көпқабатты 5 үй салынып жатыр.

– Бұрын-соңды қазақстандық стандартпен пәтер бөлу жұмысы жүргізілмегеніне байланысты әуелі комиссия жасақталады. Содан соң комиссия Ресей Федерациясының есебінде тұрған отандастарымызға пәтер беру жөнінде шешім қабылдайды. Алайда, әзірге арнайы ереже бекітілген жоқ, – деді М.Демесінов.

Құрылысшылар жоспар бойынша үйлерді жыл соңына дейін салып бітіруі тиіс. Ал үй кезегінде тұрған байқоңырлықтардың саны 2,5 мыңнан асады.

BASPASÓZ TÝRY

САРЫАРҚАҒА ГАЗ СЫРДАН БАРАДЫ

Елбасының қолдауымен басталған ірі стратегиялық маңызы бар – «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбыры аймаққа оң өзгеріс әкелді. Облыс аумағынан өтетін 846 шақырымдық газ құбыры аймақтағы аудан мен елді мекендерді көгілдір отынмен қамтуға жол ашқаны белгілі. Мемлекет басшысының жасаған тікелей қамқорлығы бұдан басқа жаңа құрылыстарды пайдалануға енгізумен қатар, жаңа жұмыс орындарын құруды, халықтың әл-ауқаты деңгейін арттыруға ықпал етіп отыр.

Ержан ҚОЖАС.

Былтыр шілде айында Қызылорда облысында «Қараөзек» жоғары технологиялық газ компрессорлық станциясы пайдалануға берілген болатын. Станция бастығы Талғат Менеевтің айтуынша, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырынан 944 шақырымда орналасқан бұл нысан жылына 10 млрд текше метр газ өткізуге қабілетті.

Бұдан басқа, компрессорлық станция Астана және солтүстік өңірлерді газдандыруды есепке ала отырып жоспарланған. Бұл мақсатты орындауға станция қуаты толығымен жетеді дейді мамандар.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламановтың айтуынша, Елбасының бес әлеуметтік бастамасында «Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру» кеңінен айтылды. Қазіргі таңда, 267,3 млрд теңгені құрайтын



«Сарыарқа» магистральды газ құбыры құрылысының бірінші кезегіндегі «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана» бағытын 2018 жылдың қарашажелтоқсан айларында бастап, 2019 жылдың желтоқсан айында толықтай аяқтау жоспарлануда. Осы арқылы «Сарыарқа» магистралды газ құбырының бойындағы 171 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ете аламыз. Тұрғындарды газбен қамтамасыз етумен қатар, шағын және орта бизнесті дамыту көзделген, 200-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады. Экологиялық ахуалды жақсартып 800 уақытша жұмыс орны ашылады.

Қазіргі таңда облыс халқының 60%-тен астамы табиғи газ тұтынуда. Соңғы жылдары аймақты газдандыру қарқыны артып, 7 аудан орталығының 4-тен тұрақты көгілдір отынды пайдаланып отыр.

ІРГЕЛІ ІҢКӘРДАРИЯ

Сонымен аудан орталығынан таң біліне Іңкәрдарияға жолға шықтық. Аудан орталығы мен халықаралық «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автокөлік жолы арқылы тақтайдай тегіс жолмен қырық минутта жетіппіз. 1965-1996 жылдары қаракөл қойын өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығы болған ауыл тұрғындары нарықтың кезінде бақшалық пен қызылша өсіріп халқының қант-шайын айырумен де айналысыпты. Қазір Сырдың дара дақылы – күріш егуді де қолға алған. Ауылдың жарты ғасырдан астам тарихында өркендеу ізі байқалады. Күн санап көркейіп келеді. Өсер елдің өрісті мәдениетін айғақтағандай соңғы жылдарда клуб үйі, емхана, әкімшілік ғимараты пайдалануға берілген. Ауылға барар жол айнадай тегіс. Ауыз судың өзі кейбір елді мекендегідей

сағаттап, белгілі бір уақытпен беру деген атымен жоқ. 24 сағат бойы тоқтаусыз келіп тұр. Әрине, ауыл ажарын айшықтайтын нысандардың жаңаруы елдің экономикалық та, әлеуметтік те дамығандығын көрсетеді. Сондықтан береке-бірлігі бекем ауыл тұрғындары да абыройлы еңбек етуде.

Атакәсіпті ардақ тұтқандар

Түтін саны 180-ге жуық ауылда жеке мал ұстаушылар да, шаруа қожалықты тізгіндегендер де көп. Оның ішінде мың жарымға жуық мүйізді ірі қара мен уақ мал, 700 жылқы мен 200 бас түйесі бар Іңкәрдария адамдары атакәсіпке бейім. Ауыл бизнесінің тізгінін ұстағандардың дені осы шаруашылықтың айналасында. Былтыр да, биыл да ауылдағы көптеген азамат кәсіпкерлік негізде оқуға ықылас танытып, өтініштері қабылданған. Санмен сөйлесек, Іңкәрдарияда тіркелген 70 кәсіпкер бар. Барлығы да өз кәсібінің көкжиегін кеңейткендер. Мұнда да басым көпшілігі ірі қара өсіруді мықтап қолға алғанға ұқсайды. Сонымен бірге тігін цехы, монша, наубайхана, азық-түлікпен қамту сияқты бизнес нысандарын ашқандар да жеткілікті.

«Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы бойынша «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» МҚҰ ЖШС арқылы екі жоба жеңіске жетіп, А.Есдәулетов, Ж.Жаппасова сынды ауыл тұрғындары мал басын бордақылау және көбейту сынды жұмыспен айналысып жатыр. Берекелі елде жыл басынан бері 20 жаңа жұмыс орны ашылған. Жыл аяғына дейін қосымша 6 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Ауылда кәсіпкерлік тізгінін ұстаған жас аналар көп. Солардың бірі – Жансая Жаппасова мен Әлия Қыстаубаева. Кәсіпкер келіншектер түйе мен сиыр малын алып, өнімдерін аудан орталығына өткізуде. Әсіресе, түйе сүтіне сұраныс көп екенін айтқан Жансая кейде тапсырыстың көп болатынын айтып, жетіспеу

жағы болып тұратынын да жасырмады. Біз айтып өткен «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында «Бизнес бастау» курсын бітіріп, жобасы жақсы бағаланған кәсіпкер аналар алдағы уақытта өз бизнестерінің аясын кеңейтпек.

«Дипломмен – ауылға!» келгеніме мақтанамын

Ел баласын сеніп тапсырар, ертеңгі күнге азамат етіп дайындар, ауылдың басты құнды ошағы №191 орта мектебінде болдық. Наурызбекпен де осында таныстық. Газетіміздің тұрақты оқырманы екенін айтқан мұғалім жігіт бұл ауылға «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша Ақжармадан келіпті. Физикадан дәріс беретін Наурызбек бағдарламаның жастарға зор мүмкіндік екенін айта келе, өзінің тұрмыс жағдайын да бізге таныстырды.

– 2015 жылдан бері осы ауылда еңбек етіп келемін. Елбасының жастарға деген үлкен көмегінің арқасында, жергілікті азаматтар бір реттік ақшалай көмек те, тұрғын үймен де қамтамасыз етті. Іңкәрдария маған өте ыстық. Себебі, осында алғаш рет халыққа қызмет ету баспалдағым басталды. Осы елде шаңырақ көтеріп, ұжыммен бірге шәкірттердің білім мен тәрбиеде озық болуына жұмыс жасап жатырмыз, – дейді жас маман.

40-қа жуық ұстаз дәріс беретін мектеп заманауи талапқа сай іші жаңа құрылғылармен жабдықталған. Жылы әрі кең сыныптарда бала мен мұғалімге бар жағдай жасалған деседе болады. 200-ге жуық оқушыға арналған білім ордасының пәндік сыныптары барлық қажетті құралмен қамтылған. Атап айтқанда, лингафондық кабинет, интерактивті тақта және оқушыларды еңбекке баулитын арнайы кабинеттер де талапқа сай. Асхана мен акт залы, кітапхана бар. Әсіресе, спорттық зал мен балалар ойнайтын ашық алаң ерекше көз тартады. Бұл мектеп оқушыларының спорттың бірнеше түрімен шұғылдануларына да барлық жағдайлар жасалған деген сөз. Мектеп жанында «Еркетай» шағын орталығы бар. Онда 40 бала тәрбиеленуде.

Бес жылдағы белес

Соңғы бес жылда ауылға кіреберіс 7 шақырым жол мен көшелердің айнадай болып тегістеліп, ауылдық клуб пен әкімшілік ғимараты, фельдшерлік-акушерлік бекеті ашылғанын жоғарыда айтып кеттік. Биылдың өзінде 18 сәби дүниеге келген ауылда тұрғындардың денсаулығы жіті қадағаланып отыр. Салауатты өмір салтын ұстану бағытында санитарлық ағарту жұмыстары жиі жүргізілетінін амбулаториялық пункт меңгерушісі Гүлмира Қонақбаева тілге тиек етіп өтті. Сонымен бірге жаңадан берілген ауылдық клуб бұл ауылдағы ең көркінті ғимараттың бірі десек, артық айтпаған болар едік. 150 орындық клуб ұжымы ауылдағы ішінара шаралардан бөлек, республикалық, тіпті халықаралық байқауларда топ жарып жүр.

– Бізде 4 үйірме жұмыс жасайды, оның 42 мүшесі бар. Үйірме өнерпаздары түрлі байқауларға қатысып өнерлерін көрсетіп келеді. Атап айтсақ, Алматы, Шымкент қаласында, облыс орталықтарында болған халықаралық байқауларда біздің шағын ауылдың өнерпаздары жүлделі орындармен марапатталды, – дейді клубтың әдіскері Әйгерім Жұмабекова.

Тағы бір қуаныштысы, биыл іңкәрдариялықтар үшін егін түсімі мол шықты. Ауылдық округ бойынша тұрғындар мен жеке қожалықтарды қосқанда барлығы 400 гектар жерге егін егілген. Оның тең жарымы күріш, 70 гектар жоңышқа, 75 гектар қауын-қарбыз, 25 гектар картоп және 20 гектар бақшадан мол өнім алынған. Мұнан өзге «Мақсат» шаруа қожалығының басшысы Қайрат Нұрсейітовтің ауыл үшін еңбегін айтпай кетпеуге болмас. Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбжаппар Сырлыбаев ақсақалдың айтуынша, жерді игеру, жоңышқа егіп, ауыл жастарын жұмысқа тарту, түрлі іс-шарада демеушілік көрсететін бұл азаматтың ісі көпке үлгі.

Ел азаматтарының жастар тәрбиесінде көрсетер бұдан өзге өнегесі көп. Ауылда тәрбиелік мәні зор шаралар жиі атқарылады. Өткенін сыйлаған ауыл ағалары жастардың басын қосып, «Мүлкәлән әулие» бейіті маңына тазалық жүргізіп, сыртын қоршапты. Дін мен дәстүрді құрмет тұтқан жастар ауылдың кез келген іс-шарасында жалындап тұр. Ауыл әкімі Саулет Есдәулетовпен пікірлескенімізде, «қарты бар ел – қазыналы ел» дейтін ұстанымын байқадық. Ауыл басшысы елде 9 тыл ардагер, 90 зейнеткер, 20 «Алтын алқа» және 16 «Күміс алқа» иегерлері барын айтып, жастардың оларға ұдайы қамқор екендігін жеткізді. Ал ауыл ақсақалдары жастардың уақытын тиімді өткізуге бар жағдай жасалғанына дән риза. Қарты бірлікке шақырып, еңбекке жұмылған бұл елдің болашаққа беталысы нық. Шалғайда орналасқан шаруасы жайлы елдің осындай жетістігін қойын дәптерге түртіп, кері қайттық. Алда – Айдарлы сапары.

Сырдария ауданы.

1-бет.

BRIFING

ЕЛТАҢБАҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Маханов, техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаментінің бас маманы Серік Қасымовтың қатысуымен брифинг өтті. Онда ҚР Президентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығына сәйкес «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер енгізілгенін мәлімдеді.

Мейрамкүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

– Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар» ҚР СТ 989-2014 стандартына №1 өзгерістер енгізіліп, алдағы уақытта ұлттық стандарттың бүкіл мәтінінде «Қазақстан» сөзін латын графикасымен «QAZAQSTAN» етіп өзгерту, ΔE түстер диапазонын қолдану туралы шешім қабылданды. Енді еліміз Елтаңбасының жаңартылған нұсқасында QAZAQSTAN сөзі қолданылатын болады. Сонымен қатар, «Библиография» тарауы Ж.Мәлібековтің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы элементтерінің сипаты мен тарихы әдістемелік құралымен толықтырылды. №1 өзгерістерді қабылдау және қолданысқа енгізу туралы ақпарат http://egfntd.kz сайтында және стандарттардың кезекті ай сайынғы ақпараттық сілтемесінде орналастырылды. Елтаңбаны ауыстыру мерзімі шамамен 1,5-2 жылға дейін болуы мүмкін, – деді С.Қасымов.

Айта кету керек, елімізде өзгерістерді әзірлеу үшін арнайы жұмыс тобы құрылған. Оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков, сондай-ақ, дайындаушы компаниялардың өкілдері, «Мекен KZ» ЖШС, «Industrial Company Zoom» ЖШС, «Символика» ЖШС, «Алматыгороформление» ЖАҚ, «Ак бастау KZ» ЖШС, ЖК «Ж.С. Тынымбаев», ЖК «Баубеков» және мемлекеттік органдардың өкілдері қатысқан.

«ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ»: ҰСЫНЫС ЖИНАУ БАСТАЛДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы Ерлан Қарабалаев биылғы жылдың 10 айында атқарылған жұмыстар жайын баян етті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Департамент 10 ай ішінде білім беру ұйымдарына 20 ішінара және 16 жоспардан тыс тексеру жүргізіп, нәтижесінде 20 мекеменің білім саласындағы заң бұзушылықтары анықталған. Осы мерзім ішінде «Е-лицензиялау» бағдарламасы бойынша департаментке білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға, қайта рәсімдеуге арналған 154 өтініш түскен. Сондай-ақ білім туралы құжаттарды апостильдеу мемлекеттік қызмет түрін алуға 141 өтініш тіркеліп, 138-і қанағаттандырылған.

Брифинг барысында департамент басшысы Елбасы Жолдауында білім саласына қатысты айтылған тапсырмаларды орындауда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Жолдауда айтылған мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі кадр жетіспеушілігі, мамандардың біліктілік талаптары, тәрбиеші жалақысын қайта қарау мәселесі бойынша жұмыс басталып кеткен.

– «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылдау бойынша елімізде ұсыныстарды қабылдау жүргізілуде. Бір айта кетерлігі, енді қабылданатын заңға азаматтар өз ұсынысын білдіре алады. «Мұғалім мәртебесін көтеру үшін ұсыныс болса, Білім және ғылым министрлігінің электронды поштасына жолдауға болады. Заң жобасы «www.bilimdinews.kz» сайтында жарияланады, – деді департамент басшысы.

ЖАЗАСЫН ӨТЕУШІЛЕР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУДА

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің бастығы Ғанибек Отарбаев БАҚ өкілдеріне брифинг беріп, Жолдау жүктеген міндеттер мен осы жылдың 10 айында атқарылған жұмыс барысына тоқталды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Облыс бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің құрылымына ЗК-169/5 аралас мекемесі, ЗК-169/4 қауіпсіздігі барынша төмен мекемесі мен тергеу изоляторы және пробация қызметі қарайды. Департамент жазасын өтеушілердің жағдайын әрдайым назарда ұстап, олардың арасында мәдениспорттық іс-шаралар, психологиялық кеңестер мен басқосулар, мамандармен кездесулер өткізу тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Сонымен қатар олардың кәсіппен айналысуына мүмкіндік жасалып, Кәсіпкерлер палатасымен меморандум жасаудың нәтижесінде ЗК-169/5 мекемесінде бүгінде 9 адам кәсіп ашып, жазасын өтеуші 120 адамды жұмыспен қамтыған. Алдағы уақытта тағы да екі кәсіп көзін ашу жоспарда бар. Айта кетелік, мұнда негізінен тігін цехы, газоблок, брусчатка, мүсін жасау, қолөнер және дәнекерлеу цехтары жұмыс істейді.

Қылмыстық кодекске енгізілген өзгеріс бойынша жазасын өтеушілердің жазасын ізгілендіру биылғы жылдың шілде айынан басталып, бұл пробация қызметінде қолданылған. Ал қатаң түрде жазасын өтеушілерге ізгілендіру жасалмайды.

BRIFING

СЫР СПОРТЫНЫҢ ТАБЫСТЫ ЖЫЛЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Олжас Әкімов спорт саласының жетістіктері мен алдағы атқарылатын міндеттер жайында айтып берді. Оған грек-рим күресінен облыстың аға жаттықтырушысы Ермек Көкетов, III Пара Азия ойындарының қола жүлдегерлері Эрик Қасқабаев, Шыңғыс Медеуов, Алмат Манабаев, шахматтан 3 дүркін Әлем чемпионы Әсел Серікбай және Будапешт қаласында күрес түрлерінен өткен Әлем чемпионатында қола жүлде еншілеген Айдос Сұлтанғали қатысты.

Сара АДАЙБАЕВА.

Биыл Сыр спортшылары үшін табысты жыл болды. Жақында қазан айының 2-13 аралығында Индонезияның Джакарта қаласында өткен III Пара Азия ойындарында спортшылар дзюдодан Азамат Тұрымбетов күміс жүлдені иеленсе, отырып ойнау волейболынан Эрик Қасқабаев, Шыңғыс Медеуов, Алмат Манабаев Қазақстан құрама команда сапында өнер көрсетіп, қола жүлде алды. Сонымен қатар осы айда Грециянның Халкидики қаласында шахматтан өткен Әлем чемпионатында жерлесіміз Әсел Серікбай 3 дүркін Әлем чемпионы атанды. Әсел 16 жасқа дейінгі қыздар арасында блиц бойынша 9 турдан 7 ұпай жинаған. Халықаралық жарыста еліміздің спортшылары 1 алтын, 2 күміс, 2 қола медаль иеленді. Алтын медаль Әселдің еншісіне бұйырды. Шахматшы қыз бұған дейін 2011 жылы Польшада, 2017 жылы Румынияда өткен Әлем чемпионаттарында алтын алса, биылғы жылы 6 дүркін Азия чемпионы атанды.

Венгрияның Будапешт қаласында күрес түрлерінен Әлем чемпионаты өтті. Жарыста жерлесіміз Айдос Сұлтанғали грек-рим күресінен қола жүлдені жеңіп алды. Айдос боз кілемде үш кездесу өткізіп, қарсыластарын айқын басымдықпен ұтқан. Тек жартылай финалда ресейлік балуанға есе жіберген. Қола медаль үшін болған кездесуде Солтүстік Кореядан келген қарсыласын жеңді. Облыс тарихында 2005 жылы грек-рим күресінен ересектер арасында Ермек Көкетов Әлем чемпионатында қола жүлде алған болатын. Ұстазының жетістігін шәкірті Айдос қайталады. Енді балуан келесі жылы Астана қаласында грек-рим күресінен өтетін Әлем чемпионатына дайындықты бастамақ. Ел намысын қорғап жүрген балуан бұған дейін жасөспірімдер, жастар арасында Азия чемпионы, өткен жылы жабық кешендегі Азия ойындарының және Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанып үлгерген еді.

Брифингте басқарма басшысы жыл басынан бері облыс спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, толағай жетістіктерге қол жеткізгенін айтты. Өткен жылдармен салыстырғанда көрсеткіш едәуір жоғарылаған. Нақты айтар болсақ, ҚР чемпионаттарында – 1178, Азия және Әлем чемпионаттарында 97 медальға қол жеткізген. Сондай-ақ, 4 спортшы – «ҚР-ның халықаралық дәрежедегі спорт шебері», 40 спортшы – «ҚР-ның спорт шебері» және 832 спортшы – «Спорт шеберлігіне үміткер» нормативін орындаған. Облыс бойынша спорт түрлерінен 470 спортшы ҚР ұлттық құрама командасының сапында өнер көрсетеді.

Келер жылы да спорттық нысандар ауылдарда бой көтеріп, бұқаралық спортты дамыту ерекше қолға алынбақ.

Өз кезегінде сөз алған спортшылар жарыстан алған әсерлерімен бөлісіп, жеңістің оңайлықпен келмегенін алдағы уақытта бұдан да жоғары көрсеткішке қол жеткізетіндеріне сенім білдірді.

SUHBAT

Ғалымжан Тоғызбаев:
«МӘДЕНИЕТ – МЕДИЦИНАДА ДА БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ»

Қазақстан ревматологтар қауымдастығының төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ревматолог дәрігер Ғалымжан Тоғызбаевтың есімі жалпақ жұртқа жақсы таныс. Қатардағы дәрігерден бастап, бірқатар басшылық қызметтер атқарған ол, бүгінде жеке медициналық компанияның жетекшісі. Оңтүстік Корея елімен бірлескен жоба аясында биыл Алматы қаласында ашылған орталық қазақстандықтардың шетел асып, ем іздеп сабылмауына мүмкіндік береді. Жуырда белгілі дәрігермен тілдесудің сәті түскен еді.

– Ғалымжан Асылбекұлы, Сыр өңірінің тумасы екеніңізді білеміз. Алдымен айтыңызшы, дәрігерлік әке жолын қуу ма, әлде...

– Иә, мен осы жерде туып-өстім. Әкем дәрігер және бұл мамандық бала кезден арман болды. Әкемнің әріптестері Ернияз Омарұлы, Тұрғанбай Маханұлы, Әділ Ізтілеуұлы, Құлсартов секілді мықты дәрігерлерді көргенде ерекше қызығушылық бойыма жігер беретін. Сол арман жетегінде Ақтөбе медицина институтына оқуға түстім. Еңбек жолымды облыстық диагностикалық-кеңес беру орталығында дәрігер болудан бастадым. Ол кезде жас маманбыз, «көрсек, білсек» деп тұрамыз. Онан соң аспирантураға түсу бұйырды. Қазір, міне, медицина саласында жүргеніме жиырма жылдан асты. Осы жылдар аралығында көптеген елдерді, тіпті, әлемді аралап шықтым десем болады. Дегенмен, туған жерімде алған тәжірибем, көргенбілгенім, түйгенім маған өмірлік үлкен сабақ болды. Әрине, ол кез бен қазіргі кездегі медицинаны салыстыруға келмейді. Медицина сәт сайын дамып жатыр. Осыған орай қойылатын талап та жоғары. Біз сол өзгерістерге ілесе білуіміз керек.

– Биыл Алматы қаласында «Medical Partners Korea» клиникасы (mpk clinic) ашылғанынан хабардармыз. Клиниканың мақсаты қандай? Қандай көмектер көрсетіледі?

– Мен көптеген қызметтер атқардым. Білім беру саласында жұмыс жасадым. Сонда байқағаным, мамандардың білім сапасы, науқасқа деген көзқарасы әлі де төмен. Мұны тұрғындардың медицина қызметіне, сала қызметкерлеріне деген наразылығынан, ренішінен де білуге болады. Яғни, біздің медицинада әлі мәдениет қалыптаспаған. Осы мәселе дұрысынан шешілсе деген менің көптен бері арманым бар еді. Сондықтан алдыма мақсат қойып, соның аясында осы жобаны қолға алдым. Бұл – әлеуметтік жоба. Төрт жылдан бері Корея елімен жұмыс жасап келемін. Соның негізінде көпсалалы клиника ашылды. Ондағы мақсат – халықаралық стандарт бойынша қазақстандықтарға медициналық көмек көрсету. Біздің клиникада ішкі ауруларды емдейді. Кардиолог, терапевт дәрігеріміз Оңтүстік Кореяның профессоры Хисук Мин диагнозды анықтап, хирургиялық тәсілге жеткізбей емдей алады. Яғни, мақсатымыз Оңтүстік Кореядағы заманауи технологияларды елімізге енгізу. Сондай-ақ, орталықта қатерлі ісік скринингі мен молекулярлық диагностика жасалады. Алдағы уақытта онкологиялық аурулардың бастапқы кезеңінде қан анализінен аурудың 8 түрін анықтайтын мүмкіндік туады. Осыған жұмыс жасап жатырмыз. Оған қоса инфекциялық ауруларға, оның ішінде тыныс жолдарының инфекциясына, яғни, молекулярлық диагностика жасалады. Инфекциялық аурулардың дені судың сапасына байланысты. Ауызсу таза болса ауру да азаяды. Бұл орайда Қызылордада оң өзгерістер бар. Соңғы жылдары Сыр өңірінде су сапасына көңіл бөлініп жатқаны қуантады. Бұл дегеніміз, жаңа айтқанымдай, аурудың алдын алудың басты шарты.

– Әрине, ол рас. Аймақ басшысының айрықша көңіл бөлуімен бүгінде қызылордалықтар сапалы, таза су ішіп отыр. Ал менде неліктен Корея елі таңдалды деген сұрақ туындап отыр. Өзге де медицинасы дамыған мемлекеттер бар ғой?

– Қазір денсаулық сақтау саласы бойынша озық тұрған Сингапур. Одан кейін Оңтүстік Корея, Жапония, Гонконг. Оңтүстік Корея бізге жақын. Бұл елмен байланыс жасап келе жатқаныма төрт жылдан аса уақыт болды. Сонда байқағаным, олардың менталитеті бізге өте ұқсас. Сонымен бірге адамдармен қарым-қатынасы да ерекше жылы. Кез келген емдеу орнына барсаңыз, адамдарға көңіл аударуы, жылышырай танытып, күтіп алып, шығарып салуы, жалпы ішкі мәдениеті өте жоғары. Жоғарыда айтқанымдай, осы нәрсе біздің медицинада жетіспейді. Соңғы кезде біздің халқымыз дертіне ем іздеп шет елдерге сабылуда. Мәселен, жылына Қазақстаннан 100 мыңнан астам адам Кореяға барып емделеді. Сондықтан сол елдің мамандарын осы жаққа тартуды ойладым. Сонымен бірге ішкі мәдениетті қалыптастыруға да ықпал етеді деген сенім бар. Осылардың бәрін ескере келе, осы елмен бірлесіп жұмыс жасауды ұйғардық.

– Қызмет бағасы қандай?

– Қаншама отандастарымыз шетелдерге барып ем алып жатқанда олар ақшалары тасығандықтан бармайды. Амалдың жоғынан, соңғы тиынына дейін салып шығады. Мәселен, Оңтүстік Кореяның өзінде дәрігерге бір рет қаралу біздегіден бірнеше есе қымбат. Оған жол шығынын, жатын орны мен тамағының бағасын қосыңыз. Біздің қызметіміз, былайша айтқанда, қолжетімді. Мәселен, Оңтүстік кореялық дәрігерлердің кеңес беру ақысы 10 мың теңге тұрады. Жүрекке УДЗ жасау да осы бағада. Ортопед, лор, педиатрлардың алғашқы қарау бағасы 5 мың теңгеден басталады.

– Ғалымжан Асылбекұлы, тәуелсіздік алғалы бері реформаға жиі ұшырап келе жатқан саланың бірі – осы денсаулық сақтау саласы. Соңғы бір-екі жылдан бері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілуде. Шет елдерде бұл бұрыннан бар. Ал, біздегі жағдай туралы не айтасыз?

– Дұрыс айтасыз. Денсаулық сақтау саласы түрлі реформаларды бастан өткеріп келеді. Мұның барлығы саланы дамытуды көздейтіні белгілі. Ал енді медициналық сақтандыруға келсек, оны енгізген дұрыс. Мұны қолдауымыз керек. Дамыған елдердің барлығында сақтандыру жүйесі жақсы жолға қойылған. Негізі денсаулық тегін болмауы қажет, ол ақылы болуға тиіс. Өйткені, тегін нәрсенің қадірі болмайды. Сонымен бірге, бұл жүйе емдеу мекемелері арасындағы бәсекелестікті арттырады. Демек тұрғындар үшін де пайдалы болмақ. Қай клиниканың қызметі жақсы, сапалы, ыңғайлы науқас соған барады. Сол арқылы ол клиника ақша табады. Науқас бармаған ауруханаға ақша төленбейді. Яғни, бұл жүйе мемлекеттік және жекеменшік әріптестіктің артуына, жеке клиникалардың көбеюіне, олардың жұмысының жолға қойылуына мүмкіндік беріп отыр. Адамдар да өз денсаулығына жауапкершілікпен қарай бастайды. Сондықтан медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілгені өте орынды.

– Рахмет!

Әңгімелескен
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

JOLDAÝ JÚGI

ҚАЛДЫҚТЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА?

Әлемдегі дамыған мемлекеттер тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы миллиондап табыс табады. Мәліметтерге көз жүгіртсек, АҚШ қоқысты қайта өңдеу кәсібін XIX ғасырда жолға қойып, бюджетін дәл осы саламен көбейтіп отыр. Істің көзін білетін жапондар да қоқыстың 90 процентін кәдеге жаратады, Германия оны тиімді бизнес көзіне айналдырып үлгірген. Олар істен шыққан тауарды шетелден де қабылдайды, Қытай өнеркәсібі қарапайым пластикалық қоқыс қалдығынан дайындалған киімдерді экспортқа шығарады. Ал елімізде бұл бағыттағы ілгерілеушілік енді ғана байқалып келеді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Облыс көлемінде де жыл сайын ресурстық әлеуетті одан әрі дамытып, тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай қайта өңдеу мақсатында қажетті шаралар қолға алынуда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен интернет-конференцияда облыстық экология департаментінің басшысы Марат Құрманбаев пен облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Жұлдызай Айтжанова тарқатып айтты.

– Мемлекет басшысы Жолдауда «Шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай утилизациялау және қайта өңдеу бойынша кешенді шаралар әзірлеуді» тапсырды. Қазіргі таңда тиісті жұмыс атқарылуда. 9 ай ішінде 120 мың тонна қалдық жиналып, оның 3040 тоннасы пайдаға жаратылды, – деді Марат Ердәулетұлы.

Оның айтуынша, өңірдегі қайта өңдеу саласында қызмет көрсететін кәсіпкерлер белсенді. «Ыбырайхан және К-ЛТД» компаниясы 2004 жылдан бері қатты қалдықтар айналымын басқару ісімен айналысып келеді. Өзге кәсіпкерлер де тұрмыстық қатты қалдықтардан шатыр жамылғысын және жаяу жүргіншілер жолына арналған төсеніштер жасап шығаруда. Мәселен, «Эко-Н Сервис», «ТемірЖас Group» ЖШС істен шыққан, құрамында жарамсыз сынабы бар шамдарды залалсыздандыруды жүзеге асырып келеді. Қармақшы ауданындағы «СтройСервис» серіктестігі аудан тұрғындарынан және көрші аудандардан полиэтилен пакеттерді қабылдап, пластмасса труба шығаруды жоспарлап отыр. Қазалы ауданындағы полигонды сенімгерлік басқаруға алған «Қазалы Көркем-Сервис» ЖШС да 10 мыңға жуық макулатура қалдықтарын пресстеп, Шымкент қаласына жөнелтуге кірісуде.

Спикер тозған автокөлік дөңгелектерін қайта өңдеу арқылы резеңке ұнтақтары мен жерасты суару түтіктерін шығару өндірісін жолға қойған «Smart Rubber» ЖШС жұмысына ерекше тоқталып өтті. Мұнда жарамсыз дөңгелек бірнеше сатылы өңдеуден өткеннен кейін ұнтаққа айналады. Оған полиэтилен ұнтағы қосылып, екі қоспадан дайын өнім – жерасты суару түтігі шығарылады. Жасыл экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес, 2030 жылға қарай егіс алқаптарының 15 проценті суды үнемдеу технологиясына көшірілмек. Осыған байланысты алдағы уақытта жерасты түтігіне деген сұраныс артарына сенім мол. Оның үстіне қазір резеңке ұнтақты алушылар жиі кездеседі. Ол футбол алаңына төселеді, сондай-ақ битуммен араласса, асфальт сапасын жақсартуға септеседі екен.

Жұлдызай Айтжанова облыс тұрғындарының 60 проценті тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдау қызметімен толық қамтылғанын атап өтіп, қалдықтарды көмуге қатысты енгізілген өзгерістермен таныстырды.

– Келер жылдан бастап ҚР экологиялық кодексінің 301-бабына сәйкес, полигондарда пластмасса, пластик, полиэтилен қалдықтары және полиэтилентерефталат орамасы, макулатура, картон және қағаз қалдықтары, құрамында сынап бар лампалар мен аспаптар, шыны сынықтары, түсті және қара металдар сынығы, литий, қорғасын-қышқыл батареялары, электрондық және электр жабдықтары қалдықтарын көмуге тыйым салынады деп жоспарлануда. Ал 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап тамақ қалдықтарын және құрылыс материалдарының қалдықтарын полигондарда көмуге шектеу қойылады, – деді Ж.Айтжанова.

Жалпы тақырып турасында айтылған дүние көп. Өткен жылы Елордада ұйымдастырылған «ЭКСПО» халықаралық көрмесінде де тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу жайы кеңінен насихатталған болатын. Расында, елімізде қазба байлықты жаратудан бөлек, аталған өндіріс түрін жандандыру жүйелі түрде қолға алынса, жаңа жұмыс орындары ашылып, қазынаға табыс түсер еді.

ÁRIPTES ÁLEMI

Газеттің апталық жоспары бекітілісімен редакция секретариатында қарбалас жұмыс басталып кеп береді. Кезекті нөмердің макет нобайын сызу, көркемдік жағын ойластыру, бастысы – салмағы мен пайым-парасатына қарай мақалаларды реттеп орналастыру мәселелері бір-бірімен жалғасып жатады. Оның үстіне, аймақта өтетін жиындар мен шараларға, семинар-кеңестерге газет тілшілерін жіберіп, дайындалған хабар-ошарларды басшылардың біріне үстінен оқытып алу секілді жауапкершілік жетіп артылады.

СЕКРЕТАРИАТТЫҢ СЕРІКОВІ

«Үйдегі көңілді, базардағы нарық бұзады» демекші осындай қым-қуыт шаруалардың бәрі-бәрі бір сәтте тас-талқан болып, газет беттеуді басынан қайта бастауға тура келетін жағдайлар да редакцияда жиі кездесіп тұрады. Ол, әрине, жоғарыдан түсетін тапсырмалар мен ел үшін өте маңызды жиындардың өтуіне байланысты туындап жатады. Кезекті газет номерінің соңғы нүктесін қойып, редактор бекіткенше кейде таң да атып та қалатын жағдайлар бар. Сонда ғана корректор мен кезекші редакторды үйіне аттандырып, газеттің жауапты хатшысы иығынан жұқ түскендей «yh» деп демалады. Бұл да уақытша ғана жеңілдік, ертесіне әлгі әрекеттер қайта басынан басталып, өмірі таусылып бітпейтіндей желісті жүріс жетектей жөнеледі. Бір ай, екі ай болса мейлі ғой, дөңгелеген дүниенің тегеріші осылай жыл он екі ай айналады да тұрады. Сол айналма алқаптың ортасынан біз үнемі журналист, облыстық «Сыр бойы» газетінің жауапты хатшысы Расул Серіков ағамызды көрер едік.

Бұл бекетте талай талантты журналист пен қаламгерлердің ат терлеткенін көргенбіз, алайда дәл Рекеңдей ісіне бекем, жауапкершілігі мықты, барынша ұқыпты жауапты хатшыны байқай бермеппіз. Осы басылымның бірсыпыра уақыт руханият бөлімінің тілшісі, кейіннен аймақтық тілшісі ретінде жинаған жаңалығымыз бен дайындаған мақаламызды редакция секретариатына өткізе жүріп, оларымыздың бірде-біреуінің шашау шыққаны ойымызда жоқ. Бәрі де рет-ретімен үнжарияның бетінен табылып жатар еді. Апталық жоспар бекітілді ме, іле-шала Рекең әр кабинетті аралап, журналистерге жауапкершілігіндегі материалдарды өз уақытында тапсыруды ескертіп жүргені. Қаламгерлерің де айтыла салысымен «ләппай» дей қоятын тілалғыштардың қатарынан емес, әрқайсысының өзіндік әлемі, өзіндік көзқарасы бар жандар. Сондықтан да олармен тіл табысудың жөнін білмесе, басшыға да жеңіл тимейді. Әсіресе, Дүйсенбек Рекеңнің уысынан сытылып кетудің оқуын оқығандай.

– Әлеуметтік тақырыпқа дайындалуы тиіс мақаланы ертеңнен қалдырмай тапсыр, газеттің үшінші бетіне саламыз, – дейді жауапты хатшы нықтап. Мақұл деп бас изеген Дүйсекең ертесіне де, арғы күні де әлгі тапсырманы орындауға асыға қоймайды. Ақыр соңында басын сипалай тұрып айтады: «Реке, «Көшеде кемпір отыр» деген мақала жазылмайтын болды, – дейді күрсініп. «Неге?» Жауапты хатшының дауысы қаттырақ, әдеттегіден ащырақ шығады. «Ол кісі кеше қайтыс болыпты, бүгін жаназасы!» «Ой, оңбаған-ай, айтылған кезде сөйлесіп, жазып тастайтын адамсың ғой, енді не болды?» Бұл шағын көрініске куә болғандар төмен қараған күйі, иығы бүлкілдей күле отырып, өз мақалаларын жазуын жалғастырып жатар еді...

Расул Тәжібайханұлы облыстық «Сыр бойы» газетінің секретариатында отыз жылдан астам уақыт еңбек етті. Оның жиырма жылдан астам мерзімі жауапты хатшылық лауазымы. Газеттің күнделікті қара шаруасында жүріп, осы жолда қарымды қалған емес. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдар соңындағы елуінші белесін тойлаған шарада «Майлытоғай ауылының құрметті азаматы» атағы беріліп, ауылдастары жылы лебіздерін арнап, шапан жауып, ат мінгізген-ді. Сонан бері де талай Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарын иеленді. Әрине, бұлар азаматына деген елсыйлас бола жүріп, ақпараттандыру саласының салмақты жүгін иығымен көтерді. Өзінен кейінгі інікарындастары Дүйсенбек Аяшұлы, Қаныбек Шәрібекұлы, Ыдырыс Тәжіұлы, Гүлжазира Жалғасова, Қуат Шарабидинов және секретариаттағы Күлзипа, Бисен, Жаңылған, Әсия, Гүлмира, Айгүл, Бақыттар Рекеңді туған ағасындай сыйлап жүрді.

– ҚазГУ-дың журналистика факультетіне түскенше, ауыл кітапханасында 3 жылдай кітапханашы болып істедім. Әдеби кітаптар мен қоса деректі дүниелерді де қызыға оқитындығым, журналист болуға деген құштарлығымды арттыра түскендігі анық. Өзімнің өскен ауылым Майлытоғайда еңбек ете жүріп, газет-журналдарға жазғансызғандарымды жолдап жататынмын. Көбісі жарық көріп, оқырмандарға жақсы таныс болған кезім. Бірде, ауылдағы электр жарығының тұрақсыздығы жөніндегі жазған мақалам аудандық газетте жарияланды да, іле-шала жөндеу жұмыстары басталып кетті. Газет сынының, баспасөзде жарық көрген мәселелердің аяқсыз қалмайтын кезі, ауыл клубы және қойма туралы жазған ұсыныстарым да жүзеге асырылды, – дейді Рекең өткен күндерді еске алып.

Жалпы басылым саласындағы қырық жылдық қызметінде Расул Тәжібайханұлы сый-құрмет пен марапаттан құралақан дің ықыласы мен құрмет ишарасы ғой, бастысы – оқырман мен билік арасын жалғаған үнжарияның көп көңілінен шыққаны емес пе?!

2000 жылдары аптасына бес рет жарық көріп, үздіксіз оқырмандарына жол тартқан аға басылымның бір тізгінін ұстап жүру де азамат үшін үлкен сын, зор жауапкершілік екендігі ақиқат. «Газеттің өзі бір күндік болғанымен сөзі мың күндік» демекші, еліміздің жетістігін үндеген қаламгер, Қазақстанның Құрметті журналисті Расул Серіков міне, жетпісінші белесінің төріне шығып отыр. Жан жары Сәуле екеуі қыздарын тәрбиелеп, еліміздің адал перзенті етіп өсірді. Немере сүйіп, ата-ана ретінде бақытты күй кешуде.

– Баспасөз – қағаз бетіндегі ар-ождан деп түсінемін. Сол сеніммен еңбек жолымды бастап едім, сол сенімнен айнымай зейнеткерлік жасқа да жеттім. Сегізінші сыныпта сабақ берген мұғалімім Дүйсенбай Сыздықов әр әріпті көркем түсірумен бірге, әр сөздің артында адалдық тұруын үйреткен еді, сол кісілердің айтқаны әлі де ойымнан бір шыққан емес. Кейінгі жастарда ізденіске мүмкіншілік мол, алайда олар ақиқаттан айнымаса екен деп тілеймін. «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі барлық аудандардағы басылымдар мен облыстың аға газеттердің басын бір шаңырақ астына ұйыстырып, жақсы бағыт беріп келеді. Жас журналистердің күні кеше ғана Астанаға барып тәжірибе алмасқанын, Мәскеу асып, журналистиканың жаңа үрдістерін мәністегендігін естіп, сүйсініп қалдым. Бұл деген замана ағымын сезіну деген сөз, – дейді Рекең.

Көш-керуен алға қарай тынбастан жылжи береді. Кешегі жаңалық, бүгінгі тарих болып хаттала бермек. Міне, осы жолда Майлытоғайдан шыққан тұңғыш журналист, әріптес ағамыздың өзіндік ізі жатыр.

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
Ақпарат саласының үздігі.

ЖЕТПІС БЕСІНШІ БЕЛЕС

Сыр елінің сыйлы азаматы Қуанышқали Шапшаңов 1943 жылы Арал ауданы, Құланды ауылдық кеңесінде дүниеге келген.

Ауыл мектебінен орта білім алып, Қызылорда пединститутының агробиология, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетін бітірген. Еңбек жолын ауыл мектептерінде ұстаздық етуден бастап, 1965-1980 жылдары қалалық, облыстық комсомол, партия комитеттерінде жауапты қызметте болды.

1980-1993 жылдары Қазалы аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, төрағасы, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, облыс әкімшілігі аппаратының басшысы болып қызмет етті.

1993-2005 жылдары жаңадан құрылған облыстық экология басқармасының бастығы болып, «Байқоңыр ғарыш айлағын пайдалану туралы» Келісім, «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заң дайындауға тікелей қатысқан.

2005-2010 жылдары облыстық табиғи ресурстар басқармасы бастығының орынбасары, мемлекеттік сараптама бөлімінің бастығы қызметін атқарды. 2010 жылдан «Селолық тұтыну кооперативтерінің облыстық қауымдастығы» төрағасының орынбасары, Қазақстан-Қытай «Сейхун» Академиясында ұстаздық етіп келеді.

«Арал өңірінің экологиясы», «Арал өңірінің өндірісін экологияландыру» «Сүтқоректілер көбеюінің биотехнологиясы және эмбриоинженерия негіздері» т.б. ғылыми еңбектердің, 200-ден астам публицистикалық, экология-этнографиялық танымдық шығармалардың авторы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Құрмет белгісі» ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін», 2011 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

1997 жылы «Қызылорда облысының құрметті қайраткері», 2012 жылы «Арал ауданының құрметті азаматы» атақтары берілді.

Қуанышқали аға қай кезде де баспасөзбен тығыз байланыста болып келе жатыр. Оқырман оның қаламынан туған әртүрлі тақырыптағы танымдық мақалаларымен жақсы таныс.

Бүгін біз 75 жасты толтырып отырған ағамыздың «Жорға – жүйрік» атты туындысын ұсынып отырмыз.

ЖОРҒА – ЖҮЙРІК

Жорға қасиеті –

Жалынан сипап жорғамның,
Кездесетіндей сүйіктім.
Басына шығып биіктің,
Тосқанмын алдын киіктің.
Ол күндер қазір армандай,
Көретін қызық түс күнде
Жігіттік кетіп қалғандай

Жорғаның сол бір үстінде, - дегендей, 13 жасқа келгенімде Смағұл ағамның (жездем) тай кезінде атап мінгізген қара жорғасы кедейшілік қажет етті ме сатып жіберіп, біреудің жетегінде кетіп бара жатқанын көргенде еңіреп жылағаным кей-кейде есімі оралып, оған қоса атам қазақтың «жорға жүрісімен пұл болады», «жорғадан жүйрік туар», «жорға жүрек жылытады», «жорға жүріспен тайпала теңселіп, шайқала басуы», «адамның майда жорға – жортаңға салып сөйлеп кетуі» т.б. дерек әңгімелер жорға туралы әңгіме қозғауға итермелегені рас....

Қазақта «жылқының бәрі жорға болмайды» десіп жатады. Осы тұрғыда жорға қазақта жылқы жүрістерінің (аллюр) ішіндегі ең сұлу әдемісі саналады. Жорғалар қалың жылқы табындарының ішінде өте сирек кездесетін, сондықтан өте жоғары бағаланатын. Атақты Досбол шешен «Қазақ үшін жүйрік қадірлі ме, жорға қадірлі ме?»деген өз ойына өзі жауап таба алмағандай болады:

Жүйрікте де бір мін бар -
Қатарласып жорғамен,
Табандасып желмейді.
Жорғада да бір мін бар-
Жал-құйрық түйіп салсаң да
Бәйгеден сірә келмейді.

Құлагерді қайдам, бірақ жылқының оза шауып бәйге алған қайсысымен салыстырғанда да жорғаға байланысты қуану, шаттану, масаттану, қапалану, жабырқау, қайғыру, налу, күйіну, мұңаю, қамығу, назалану, қынжылу, назырқаудың бағасы жоғарырақ тұратын сияқты: Оңтүстік Созақ жақта Сейділда атты болыстың үлкен қара жорғасы болған екен, Кеңес үкіметі орнап жатқан кезде Сейділда сол жорғасын бір милиция мініп кеткенін біліпті. Сейділда шықса, ат жоқ. Сонда ол: «Әй жігіттер, енді бізге жердің үстінен асты қызық-ау», - депті де жаяу жүріп келе жатып сүрініп кеткенде: «енді бізге бұл көшемен жүру арам шығар» дегенді қосып, ауылға келіп, үйге кірген соң қайтыс болыпты...

Жорға ерте замандардан Шығыс елдерінде пайда болып, кейін Еуропаға таныс болған. Оған дәлел, ертеде жазылған жорғаны баптау туралы «Киккули ат баптау» кітабын тұңғыш зерттеген Ковалевская былай дейді: «Жорға туа біткен қасиет, бірақ оны үнемі жетілдіріп отыру қажет. Жорға аяңнан да, желістен де жылдам. Аяң сағатына 10 км, желгіш 15-17 км алса, жорға 20-25 км еркін алады. Жорғаның басты артықшылығы ыңғайлы, үстіндегі адам шаршамайды. Жорғалаған ат бірде екі сол аяғына тастаса, келесіде екі оң аяғын тастап отырады, ал желгіш ат алдыңғы сол аяғы мен артқы оң аяғын, керісінше оң алдыңғы аяғы мен сол артқы аяғын тастап отырады».

Жорғамен алғаш танысқан XVIII ғасырда өмір кешкен ағылшын монахы Фиц Стефан: «Жорғаларды «жылқы ішіндегі корольдер» деп атап, мұндай аттарға корольдер мен дворяндар міну керек, ал жай жылқылар малайлар үшін жаратылған», – деп жазған.

Жорғаның Ресейге кейін барғаны, орыстардың кейін таныс болғаны атауынан көрініп тұр, орыс тілінде «иноход» деген бөтен жүріс, белгісіз жүріс – дегеннің калькасы. «Иноходец – иноход – конская побежка, в которой лошадь заносить обе ноги одного бока вместе, тогда как во рыси ноги движутся по две разом, крест – на крест» (Вл. Даль, Толковый словарь) Ал сол орыс зерттеушілері: «Иноход у казахов считается идеальным аллюром», – деп көрсетеді.

Жорға туралы қазақта аңыз-әңгіме, өлең-жыр көп, соның бірін келтіре кетейік: ...Қытаймен соғысып жатқан қазақтың ұлт-азаттық әскерінің бір топ жауынгерлері Моңғолия жаққа өтіп, біздің үйде 2-3 айдай дамылдады. Жәнібектің ақ туын ұстаған Манат батыр, Тұрғожа батырлар болды. Атақты Жәнібектің ақ туы біздің үйдің белдеуінде шаншулы тұрды. Әлі есімде, бүкіл аймақтың керейлері туға мал сойып, құран оқып тәу ететін. Кетерінде Манат батыр менің әкем Ажығанға: «Мен сенімен дос болам, дос болсам, ақыреттік дос болам, осыған ұйғарасың ба?» – деді. Әкем: «Ой, ұйғарам!». Манат: «Онда сен маған қолқа сал! Ол кезде ақыреттік дос болғандар бір-бірінің аяулы нәрсесіне қолқа салады, берісіп-алысады, сонда ғана достық бекиді. Әкем: «Саған немене деп қолқа салам, өзің жаугершілікте жүрсің, менің саған қолқам, аман келсең болды». Манат: «Жоқ болмайды. Өлсем өліп қалдым, оққа ұшсам оққа ұштым! Сарсүмбенің гарнизонының бастығы қытай полковнигінің қара жорғасы бар, тірі болсам, соны әкеліп берем», - деді. Бірнеше айдан соң Манат келді, жетегінде қара жорға бар. «Досым! Сарсүмбенің қаласын ала алмадық, бірақ Қытайдың жорғасын әкелдім», - деді. Қаражорға бізге келгенде 6-7 жасар еді, содан 20 жыл бойы аймақтың жорға жарысының алдын бермеді. Талай сат дегендер болды, бермедім. Жорғалағанда аспанда қалқып келе жатқандайсың, аттың дүбірі ғана естіледі. 12 құлаш арқанды беліңе байлап алып, лақтырып қалсаң, арқан жерге түскенше зыр ете қалушы еді. Жануар 27 жасында өлді...»

Осы жерде ортамызға оралман қандастарымыз алып келген, қайта жаңғырған дәстүріміздің біріне жатқызуға болатын «Қара жорға» биі (күй) осы Манат сыйлаған Ажығанның қара жорғасына арналды ма екен деген ой келеді. «Қара жорғаның» делебені қоздырып, бірден үйіріп әкететін өзіндік дара қасиеті – оны билеген кезде адамның барлық буындарының қозғалысқа түсетіндігінде. Алтай асып, Қытайға кеткен қандастарымыз басқа ұлттар арасында осы «Қара жорға» биін билеп көрсетеді ғой.

Кезінде Алтай асып Қытайға барған, одан Түркияға барған Арыстан Шәдетұлы осы «Қара жорға» биін билеп, туысқан халықтарды таңғалдырған көрінеді. Қытайдың Шыңжан өлкесіндегі Алтай аймағының Шіңгіл ауданында «Қара жорға» биін он мыңнан астам адам билеп шығып, Гиннестің рекордтар кітабына енді. Менің зерделеу қорытындым бойынша бұл бидің үш түрлі аты бар екен: «Қара жорға», «Бақсы би» және «Буын биі». «Қара жорға» ән ретінде соңғы жылдары пайда болды. Бірақ, ол «Қара жорға» күйі емес, «Салкүрең» күйіне шығарылған. Бүгінгі «Қара жорға» «Салкүреңнің» әуенімен биленетін болды. «Қара жорға» тек домбырамен ғана орындалуы керек. «Қара жорға» баяу биленеді, ал «Салкүрең» әуенімен билеп жүргендер қарқынды, жылдам билейді.

Жорға сипаттамасы

Жорға – туа біткен қасиет. Жорға тудыру үшін екі аяқты, не үш аяқты жорғасы бар айғырдан қою керек, не енесінің жорға сипаттамас мықты жорға болғанынан қояды, көбінесе жорға енесіне тартады. Сазды, былқылдап тұратын жердің аттары жорға келеді. Іле өлкесінде Жұлдыз деген жердің жылқыларының жорға болып келуі, жері саз. Алтайда Қарашәр деген жердің барлық жылқысы жорға, себебі қыста ат тізеден көміліп жүретін қар, жазда жері көлкілдеп тұратын саз болады. Қарашәрдің жорғасы шапқан атқа жеткізбеген.

Жорғаны сәнге мінеді. Оның жүрісі тыныш келеді. Содан да қазақта «Жорға аттың сауырына тостағанға су құйып койса, төгілмейді» дейтін теңеу, тәмсіл бар. Жылқының бәрі жорға болмайтындықтан және биенің бәрі жорға құлын таппайтындықтан, жорға малы өте сирек кездеседі. Биенің жорға табуын қазақ бақытқа балайды. Жорғаны хан, қаған, би, төре, сал-серілер, ұзатылар қыздар сәнге, салтанатқа мінген. Тойға да жорға мініп баратын салт бар. Кейбір дәулетті адамдар жорғасы жіліншігіне көркемдеп алтын, күміс білезіктер салдырып, кейде күміс, алтын тағалармен де тағалатып сән-салтанат құрғандары жайлы ел арасында әңгіме көп. Жорғаның түрі көп болады. Оларға қой жорға, жол жорға, су жорға, шабысты жорға, шапқын жорға, шалдір жорға, кекірек жорға (жортағы), түйе жорға, көташар жорға, табақ тартар жорға, төкпе жорға, айдама жорға, байпаң жорға, шапашуыр жорға, тайпалған жорға, сол сияқты аяғындағы жорға қасиетіне қарай тұсамыз жорға, өре жорға, екі аяқты жорға, үш аяқты жорға, төрт аяғында да жорғалық қасиеті бар десіп жатады. Мысалы, аяң жорға – аяңдағанда ғана жорғалап, одан тезірек жүрсе жорғасынан жаңылады; көташар жорға – жорғалап бара жатып, жорғасы бұзылып шауып кетеді. Байпаң жорға – жүрісі тыныш, бірақ өзге жүріске ілесе алмайды; тайпалған жорға – төрт аяғы тең жорға, төкпе жорға – еш уақытта жорғасынан жаңылмайды.

Төрт тұяқ тайпалып көз ілдірмейді,
Тактісін бұзып өзек тілдірмейді.
Беу, шіркін! Бипыл-типыл
майқан-қайқаң
Оздым деп оғаш мінез білді.
(Кәкімбек Салықов)

Мұның жорғасына басқа жылқы шауып әрең ілеседі. Мұндай жылқыны әдетте жорға жарысына қосады.

Жорғалар көбінде қоңыр, торы, қара өңді жылқылардан шығады. Қазақ халқы жорға атын жүйріктей қастерлеп күтіп-баптап, аялап мінеді. Жорға сыйсияпат жоралғыға жүреді. Оны ел басылары бір-біріне сыйға тартып жатады. Сол сияқты қалың малға, белдеуге байлауға да жорға жүреді.

Жорға сыны

Жорғаның да жүйрік аттай сыны болады. Әу бастан жорға құлындайтын биені сынайды. Биенің өн бойынан жорға атқа қатысты сындар көрініп тұрады. Онда бие мес қарын емес, орақ бас, қамыс құлақ, үлкен көзді, кең танау, сырт бейнесі итигендеу келеді. Мініскер сыншылар бие ішіндегі құлынды, желідегі құлынды да жорға деп таныр қояды. Жорға ат – жүйрік, жүйрік – жорға болатын жайттар да кездеседі. Жалпы жорға сынын қазақтар белі бүкір, орақ бас, қамыс құлақ, теке ерін, бура ерін, салпы ерін, қошқар, дөңкиген мұрын, кең танау, үлкен көз, сиыр, марал көз, бөкен қабақ, дөңгелек тұяқ, бота тірсек, бұқа мойын, орташа жал, құйрық, кекілді, қоян қарын деген сияқты сырттық салыстырмалы сындары болады. Онда мініскерлер жорғаның сырт бейнесі бөкен, қоян сияқты аңға ұқсас болса, ал малдан ботаға бейімделген болуы керек десіп жатады. Мініскерлер жорғаның сырт бейнесі белі бүкір, бота тірсектеу итиген келсе күшті, алысқа жорғалайтын нағыз тайпалған жорғалар болады деседі.

Кекілі кеңсірігін жауып тұрар,
Отаудай омыртқасы біткен қайнап.
Жігерлі құйма тұяқ, жіліншектер
Мініске арымайтын жүрсе де
айлап.
Есіктей омырауы еңселі еді,
Алған ед жорғасымен талай сайғақ.

Белі қайқы түлкі бейнелі жорғалар алысқа бармайды, ұшқыр болады дейді. Алайда, өмірде сынсыз, сиықсыз жорғалар да жорға жарысында озып келіп жататынын жасырын емес.

Жорғаның сапасын, сынын білу үшін шабандоз беліне 5 метр лента байлайды, белге байланған лента аттың құйрығының үстінен түсіп тұрады. Атты жорғалатқанда лента жыланша ирелеңдеп тербеліп тұрады, сонда шұберектің ұшы жерге тимесе, онда жорға деп атауға болады. Бұрынырақта жорғаны сынағанда белге арқан байлаған екен. Арқанның жерге тимеуіне байланысты: бес құлаштық жорға, он құлаштық жорға, 12 құлаштық жорға деп атаған. 15-16 құлаштық жорғалар да болған дейді дерек берушілер, бірақ бұл өте сирек кездеседі.

Дерек берушілердің айтуынша, жорғаның ең биік шыңы су жорға (су төгілмес жорға) және табақ тартар жорға. Тостағанға құйылған судың аттың жаясының үстіне қойғанда су төгілмеуші еді деп айтады кейбіреулер. Бұл әрине, әсірелеп айтқандық болу керек. Дегенмен де, нақты дерек көздері бойынша XIV-XV ғасырда өмір сүрген Жақайым бабаның рухына бағыштап берген аста Алтынбек Нағашыбай жорғасы үстінен су төгілмей мәреден өтті деп жазады. Үлкен астарда жігіттер еттің тұздығы шайқалмас үшін су төгілмес жорғалармен табақ тасыған. Мұны табақ тартар жорға дейді.

Біздің ойымызша, 15-16 құлаштық жорға, су төгілмес жорға, табақ тартар жорға, тайпалма жорға негізінде сапасы жағынан бір жорға, тек айтылуы бөлек болуы мүмкін. Жорғалардың бұл түрі туа бітеді, мұндай жорғаларды мұзға да салудың қажеті жоқ. Шоқанның атасы Уәлихан қайтыс болғанда, көңіл айта келген Байдалы жөнінде: «...Айғаным Көксырғанақтың шылбырын өзі ұстап, шешенді өз қолымен аттандырады да, кермеде тұрған Бозжорғаны ертұрманын жарқ-жұрқ еткізіп өзі мінеді. Жақыннан қарағандарға қос жорға жер баспай, әншейін сырғанап бара жатқан сияқты көрінеді...» – деп жазады.

Жорғаны баптау, жаттықтыру

Қазақ халқы жорғаны да жүйрік аттай баптайды. Бастысы, жорға жылқыны жорғалатуға жаттықтыру болмақ. Ол үшін жорғаны үнемі мініп, оны тежеп, басқа жүріске түссе, оны күштеп жорғалатып баптайды. Мұндай үйретушіні «Жорғашы» деп атайды. Жаратылысынан жорға туған жылқы жылқыда бос жүрсе де, жорғалап жүреді. Кейбір мініскер жорғашылар қыста мұз үстінде, жорғасын бүршік темір тағалармен тағалап, жорғалатып жорғаны жорғаға жаттықтырады. Жорғаны да құр жіберіп, ақ жіліктетіп, құрландырады, үнемі мініп жорғаға сала берген жорға тез қартайып, күші кетіп, қара кеміктеніп кетеді деген әңгіме бар. Жорға жарысына қосардан бұрын жорға иесі өзі мініп терін алады. Бірнеше рет терлетілген жорғаның терісі кеңіп, алқалы болып, ұзаққа жорғалай алады. Екі-үш аяқты жорғаларды жетілдіріп, төрт аяқты жорғаға жеткізу үшін ай он беске толып, түн жап-жарық болып толғанда 2-3 күнде бір рет 4-5 км өңшең майда, жазық, тегіс жерге жорғалатып отырады, себебі жорғаның алдыңғы аяғы қысқа болады деген сөз бар, сондықтан ойлы-қырлы, шұңқырлы жерлерде жығылып қалады.

Жорға аттың үзеңгісі қысқа болу керек, үзеңгі ұзын болса, кәрі жілік пен жауырынның басына тиіп, зақым келіп, қанталап, әлсірейді. Жорғаға үш айыл дұрыс: төс айыл, орта айыл, шап айыл тізгінді тең ұстайды, бір қолмен ұстап тік отырады. Адам бір жағынан ауып, екі жағынан қисайып отырса, ат жорғалап бара жатқанда жорғасынан жаңылып қалады. Сондықтан қисаймай, шалқаймай, еңкеймей, екі аяғы, екі қолы тең, денесін тік ұстап отыруы керек.

Жорғалап келе жатқан аттың үстінде отырған шабандоз қапелімде бір аяғын көтеріп қалса, ат та аяғын көтеріп, жорға үш аяққа түсіп қалады. Екі аяқты тең ұстап, алдыға қарай көлбеулетеді, себебі шын жорға артқы аяғымен адамның өкшесін қаға жаздайды. Айдың жарығымен салғанда адамның қолы аттың басына шамасы келмесе, аттың басын жоғары жібермей өмілдіріктен тартып байлап тастайды.

Туа біткен төрт аяғы теңселген жорғаларды ешқандай мұзға да, сазға да салмай жорғалата береді. Үш аяқ жорғаны 4-ші аяғының жорғасын шығару үшін бүршік тағамен тағалап, қыс кезінде мұзға салады. Айдың сәулесімен аттың көлеңкесі мұзға түсіп, тізгінді тақымға салып ұстап отырады, түн ортасында, қақаған суықта түніне 2-3 сағат жорғалату үшін нағыз шабандоз болу керек. Қазақтардың жорға үйретудегі жанқиярлық еңбегін XIX ғасыр зерттеушісі былай жазады: «Жорғаны үйрететін атақты шеберлердің айтуынша, көп білім мен шыдамдылық керек. Шеберлердің пайымдауынша, жорғаны ай сүттей жарық түн ортасында үйретсе, ат өзінің көлеңкесінен қалыспаймын деп жанталаса жорғалайды. Бірінші жорғаның бір жағы үйретіледі, сол жағының үзеңгісін ұзартып, үйретуші аяғын тіреп бүйірімен отырады. 2-ші жағын үйреткенде керісінше дәл солай істейді. Күнде түн ортасында бірде ердің оң жағына, бірде сол жағына отырып 2-3 сағаттай атты жорғаға үйрету, әрине нағыз атбегінің қолынан ғана келеді».

Ағашы көп Алтай жерінде бөренелерді жығып, дөп-дөңгелек шеңбер жасайды. Шеңбердің ортасы ашық, онда аттың шылбырынан ұстап тұрған шабандоз күннің шапағы сияқты қатар-қатар орналасқан бөренелерден аттатып жүргізеді, сонда атқа жорға түседі.

Жорға атын жемдеуді «сұлылау» деп те атайды, жорғалауға кететін күш-қуат сұлымен ғана толады, - дейді атбегілер. Жорғаны күніне 2 рет суарып, шөп береді. Сұлы беру үшін, сұлыны тегенеге салып екшеп отырып тасын тереді, шаңын ұшырады, екі-үш рет шайып, кір суын төгіп тастайды, содан соң 3 сағаттай суға бөктіріп қояды, сүзгімен сүзіп, жемдорбаға салып береді. Жарысқа қосып жүрген кезде 1 литр сиырдың сүтін де береді. Жорғалап келген кезде жорғаны бірден тоқтатуға болмайды, аяғына қан түсіп қалады, сондықтан жетекке алып, айналдырып жүргізеді. Ұзақ жерге жорғалаған жорғаларды 30 минуттан 1 сағатқа дейін атпен жетектейді. Содан – соң бір шөміш (1 кг) мөлшерінде сұлыны жемдорбамен басына іліп қояды.

Жорға жарысы

Қазақ халқы жүйрік ат жарысымен қатар жорға жарысын да ұйымдастырып жатады. Бұл – өте байырғы дәстүр. Ертеде Енсе деген кісінің асында тек қана жорғаның түр-түрінің жарысына бәйге тігіліпті деп аңыз қылады. Өкініштісі, кейін келе ұмыт бола бастағаны. Алайда, дүние жүзіне тарыдай тарап кеткен қазақ шоғырларының кейбір топтарында бұл дәстүр жақсы сақталып қалған. Кейде тайға мініп келген жарау жорғасын мініп, жорға иесі жорға жарысына табанда қосыла береді.

Жорғаны шабандоздар емес, көбінде иесі өзі мініп, жарысына қатысады. Себебі жорғаны басқа кісі мінсе, жатырқап, жорғаламай қоятын жайттар кездеседі. Кекілін буады. Бұл бір жағынан сән болса, келесі жағынан жорға жарысқа қатысқанда кекіл көзді жауып, жазым болмауға себі тиеді. Сол сияқты құйрығын өреді. Бұл да бір жағынан сән болғанымен, екінші жағынан жарысқа түскен кезінде тілерсегіне құйрығы оралып, бөгет болмауы үшін. Жорғаның жалын өреді. Бұл да сәндік болғанымен, жарысқа қосылғанда, қалың жалы мойынын жауып терлетіп, бөгет етуден сақтандырады. Кей жорғаға ауыр, күміс алтын ерлерді әдейі ерттейді. Ауыр ер-тұрманмен тайпала жорғалайтындары кездеседі. Жорға жарысы жүйрік ат жарыс жерінің үштен біріне тең жерлерден жіберіледі. Жорға жарысын көріп отыру үшін кейде бәйге төбе, той төбелерді айналдыра ұйымдастырады. Бұл жарыс жүйрік ат жарысындай емес, көп жағдайда даулы келеді. Себебі жорғаның бәрі су жорға емес, кейбірі шалдір болатындықтан жортуынан танып шауып кетеді.

«Жай жүргенде бәрі де ат,
Шапқанда, шама аңдалар.
Үнемді басқан қадамы,
Тимеген жерге табаны,
Теңселген не бір жорға бар.
(Шораяқтың Омары)

Шауып, желіп кеткен жорғаны есепке алмайтын салт бар. Алайда, дәукес жорғашылар мұны мойындамай жатады. Осыдан барып дау өрбиді. Алайда халық төрешілік етіп, дұрыс шешімдер шығып жатады. Арал ауданы, Шөмішкөл ауылының азаматы Мұхтар Әнәпияевтың айтуынша: Қазалы ауданы Бекарыстан би ауылындағы Әкімәлі ағамыздың шабдар жорғасы 1980-1990 жылдар аралығында жарысқа 18 рет қосылып, барлығында да бірінші орынды олжалапты. Бірде Аралда бір үлкен жарысқа жорғаны алып бардық. Қонған үйдің шарбағында кешкі астан соң жорғаны ортаға алып, қоршап жаттық. Түнгі сағат екі мен үштің арасында ұйықтап жатқан жорға шыңғырып жіберді. Басымызды көтеріп қарап едік, жорға қайтадан ұйқыға кетіпті. Әкімәлі ағам: «үндемендер, ертең бір бәле болады», – деді.

Ертеңіне ат жарыс басталып, жорға жарысқа кезек келді. Сонымен он алты жорға жарыс жолына шықты. Айналымы 5 шақырымнан, ағны ұзындығы отыз шақырым болатын. Жарыс та аяқталды. Шабдыр жорға – бірінші, Аралдың көк жорғасы – екінші, Райым колхозының қара жорғасы үшінші келіпті. Сөйтіп тұрғанда екінші келген жорғаның жақтастары. «Шабдар жорғаға бірінші орын берілмейді, шауып озды» – деп айқай шығарады. Айтыс-тартыстан соң екі жорға тағы екі айналатын болды. Сол кезде Әкімәлі шабандозға қарап: «Бедержан-ай, бір шелек су әкелші» депті. Бір шелек суды әкеліп жорғаның алдына қойсам, жорға жұлқынып екі-үш рет ауызын салып тұрды да, бас салып іше бастады. Су таусылуға жақындағанда «тарт, шелекті» деді. Ағама қарасам, жылап тұр екен. «Бедержан, бара ғой, алдыңнан жарылқасын, енді 30 шақырым берсе де шыдайды» деген көрінеді. Сонымен екі жорға қатарласып тұр еді, райымдықтар: «қара жорға да барып қайтсын», – деді. Үш жорғаны шыға бере жібердік, мәреге бірінші келе жатырмын, көк жорға – екінші, қара жорға үшінші келе жатыр едік, бұрылыста артыма қарасам, көк жорға тұра қалып аузымұрнынан қан кетіпті. Қара жорға екінші өтіпті. Сөйтіп, абыроймен бірінші орынды алып, елге қайттық дейді.

Ия, жорға жөнінде айтылар әңгіме көп-ақ. Себебі ол жорға – жүйрік қой...

Мейлі сен кім бол, жарлы бол
қашқан берекең,
Жорғаң тек озсын, таниды халқың
сені ертең.
Ат келер сөре, ат шығар төбе
қашан да ,
Қазағым үшін шындықтың жеңген
жері екен.
Озғандар сонда қиқулап
бір жететін ,
Озбаған сорлы күрсініп
үнсіз өтетін.
Бүгінде сондай бәйгілер
болып тұрады,
Жорғадан кейде жортақтар
озып кететін...

Қуанышқали ШАПШАҢОВ.

ТОПЫРАҒЫНАН НӘР АЛҒАН

Арал топырағы. Ай сәулесіндей тамызып, тамызып (Рахымжан Отарбаев) көкірегіне нұр құятын шығармалар тудырған Әбдіжәміл Нұрпейісов, «құрыш қазақ» атанған ғазиз жүректі ақын Зейнолла Шүкіров, Сыр сүлейлерінің жампозы, әулие Нұртуған туған топырақ. «Топырағыңды басқаным – тау асқаным», деген бар. Тамырың тереңірек байланып нәр ала, қадір-қасиетін сезіне білсең, туған топырақ қаныңа қасиет дарытады, жаныңа рухани азық береді. Сол топырақтан нәр алған мықтылардың бірі – ақын, режиссер Оңталап Нұрмаханов.

Театрға сиректеу барып жүрсем де қойылымдарға тегін кіретін, тұрақты орным белгіленген «Театрдың тұрақты көрермені» деген диплом алдым. Қай қасиетімді негізге алғанын білмеймін, театрдың көркемдік кеңесінің мүшесі болдым. Нартай Бекежанов атындағы музыкалық-драма театры майталмандары өнерлеріне баға беретін, «мына жерің сәтті немесе жетіспей тұр» деп пікір айтатын әжептәуір кісі болып қалдым. Мені «кісі» етіп жүрген осы театрдың бас көркемдік жетекшісі Хұсейін Әмір-Темір құрдасым. Сол кезден бастап театрдың біраз адамдарын, оның ішінде Оңталапты жақын біле бастадым.

Оңталап көне дәуірдің адамы сияқты. Қорамсағына қол салғызсаң, Қорқыт болып күңіренеді, батыр бабаларын адырнасын кере тартқызып ала өгіздей мөңіретеді, Сыр сүлейлері болып гөй-гөйіне басады. Қай дәуірдің оқиғасын көрсету қажет болса, сол кезеңнің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ұстанған, жейдесі мен күпісін киген жасандылықтан ада бөрі болған қазақты, тұлпар болған қазақты, сұңқар болған қазақты көз алдыңа әкеліп қояды.

Сырнайлатып, кернейлетіп азынатып немесе арыстандай ақыртқан көріністер сені бей-жай қалдырмайды, тықыршып, аруақтанып отырасың. Естен шығып, күнделікті қолданыстан қалып бара жатқан көне сөздерден құралған тіркестерді есітіп тұшынасың, бізге дейінгі дәуірге сапар шегесің. Тынысың ашылады. Сүйсіндіреді.

Марқұм Сейілбек Шаухаманов ағамен Алматы қаласында Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясымен өзім жетекшілік ететін Т.Жүргенов қоғамдық қорының бірлесіп өткізген қайраткердің 120 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жазба ақындар мүшәйрасы мен прозаиктер байқауының» қорытынды шарасының әсерімен бөлісіп, пікірлескенмін. Сәкең 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні Қызылордадағы репрессия құрбандарына орнатылған ескерткіш жанында Оңталап Нұрмахановтың жетекшілік етуімен Т.Жүргеновке арналған арнайы қойылым болғанын айтып әсерімен бөлісіп, – «Тұрмағамбет (Ізтілеуов) пен Темірбек боп ойнаған актерлердің ауыздарына салған Оңталаптың сөздеріне тебіренбеген, жаны күйзелмеген тіпті жыламаған жан қалмаған шығар», дегенді айтты. Кейінірек осы қойылымның бейне жазбасын алдыртып көрдім, тыңдадым. Қойылым музыкалық колледж студенттерінен құралған хордың орындауында аналар жоқтауымен басталады. Азалы күймен қара жамылған аналар мизансценасы көрініс табады. Сұрқия саясаттың зобалаңынан азаматтары ажал құшып, қазақ аспаны қара жамылып, қазақ елі күңіреніп запыран құсып жатса да, бір де бір үй, бір де бір ана қара жамылып, құрбанын жария түрде аза тұта алмаған, дауыс шығарып жылай алмаған, күңіреніп жоқтай алмаған, мұсылман бола тұра жаназасын шығара алмаған қазақ халқының сол кездегі күйін бүгінгі еске алу шарасына енгізіп, қатысушыларды да, орындаушыларды да тебірентіп жылатуы, оның Алаш ардақтыларына деген сүйіспеншілігінен. Оңталап жүрегінен сөз, көкейінен күй құйылған ғажап шабытта болған. Бұл қойылымда Оңталап Тұрмағамбеттің де, Темірбектің де қайғысы мен қасіретін өз жанымен сезіне, сол зұлмат кезеңнің ішіне кіре, құрбандардың айта алмай кеткен соңғы сөзі боп, сол кезеңді миының ішінде мың қайнатып барып шығарған. Қойылым мәтінін оқып отырып рухани азық аласың, әлденеше мәрте қажетіңе жаратасың. Оңталап өзі талантты болмаса, таланттарды тани алар ма еді?! Шын асыл мен абзалды жеріне жеткізе суреттей алар ма еді?! Осылай жасамаса Оңталап, Оңталап болар ма еді?!

Осыдан 3 жыл бұрын А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қазақ хандығының 550 жылдығына орай жыраулар мен жыршы-термешілердің концертін қою белгіленіп, оның сценарийі мен қойылымы Оңталапқа жүктелген болатын. Оңталап бұған дейін өткізіліп жүрген жүргізушілер хабарлап, жыршы-термешілердің өз нөмірлерін орындап шығатын әдеттегідей концерттік жобадан ауытқып хандар дәуірінен бір-ақ шығарды. Осы жайлы «Сәтті қойылым» деген атпен «Сыр бойы» газетінде жазғанымды баяндайын.

...Сахна төрінде хан ордасы. Хан тағында отыр. Хан ордасындағы мәжілісте алқа-қотан билер орналасқандай көрініс, билер орнында жыраулар. Әдеттегі көріп жүрген концерттегідей кезегін хабарлап жатқан арнайы жүргізуші жоқ. Қойылымның ерекшелігі де осында. Қамшы тастап, сөз сұраған билер сияқты кезек-кезегімен бір жырау ханға қарап әдеби сөзбен әдемі өріп отырып, кесек-кесек ойлы орамдарымен, жігеріңді жанитын, рухтандыратын мәнді тіркестермен тарих тағылымын алдыңа тарта отырып, келесі орындалатын жырға жетелейді. Айтыскер ақын Айдос Рахметовтың арнауын Ерсейт Әлиев орындады. «Кенесары ханды» Марат Сүгірбай, «Абылай хан» дастанынан үзіндіні Майра Сәрсенбаева жырлады. Қойылымда қазақ хандығының бүкіл тарихын түгел қамтымады деу артықшылық болар. Оған бір қойылымның тарлық ететіні түсінікті. Бір жақсысы, өнегелісі десек те болар, ол бір аймақтың ақындары мен жырауларының шығармаларымен шектеліп қалмағандығы. Халық толғауы «Есім ханның» ерлігі, Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баяны», Қашағанның «Атамекені», Ақан Серінің «Шырмауығы», Мәди Бапиұлының «Үшқарасы» жырланды, толғанды. Әр жырау дастандағы оқиғаның өрбуіне, мән-мағынасына сәйкес өзіндік жаңа ырғақпен, соны нақышпен бірде әуелетіп, бірде мөнтеңдетіп шығарманы құлпыртып, орындаушылық шеберліктерімен құлақ құрышын қандырды. Әйгілі жырау Алмас Алматовтың «Еділ мен Жайығын» жырлаған Күнсұлу Түрікпенова жырдың әр тіркестегі буын санына қарай әуелетіп әуен тауып, тұлпардың шабысындай, Сырдарияның кемерінен асып, толып тасып жатқандағы ағысындай сан құбылған үнімен тыңдарманды қорғасындай балқытты. Мұхит Жақсылықұлының «Сыр тартсам тарихтың тереңінен» толғауы, Нұрмағамбет Қосжановтың «Сартай батыр» дастаны да қазақ тарихына бойлағысы, өткенін таразылағысы келгендерге тәлім аларлық, намысты ұлдарымыздың қаһармандығын ардақтаған, асқақтатқан сусыныңды қандырған жыр болды. Әрбір жырау өз міндетін атқарар алдында ханнан рұқсат сұрағандай иіліп тағзым етіп барып жыр мінберіне жайғасып, жыр орындалып болғаннан кейін де ханға иіліп, ханның рұқсат еткен ишарасымен орындарына барып отыратыны қойылымның қазақи әдеппен әдіптелгендігін, мәдени деңгейінің жоғарылығын көрсетті. «Оңталаптың миында көшпенділердің коды қалғандығына» (Серік Ақсұңқарұлы) көзіміз жетті.

Бұл 2015 жыл болатын. Осыдан екі жыл кейін Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарияланды. Қарап отырсақ, біздің Оңталап рухани жаңғыру аясындағы шараны сол кездеақ өткізіп, яғни ұлттық кодымызды ашып көрсету, ұрпақ тәрбиесінің негізі, оның ұлттық мәдениетімізді дамытудағы ең зәру мәселе екенін алдын ала білгендей санамызды жаңғыртуды бастап кеткен екен.

Жоғарыда мысал еткен екі қойылым төңірегіндегі ойларым, бағамдауым осындай. «Режиссер мамандығы, соның ішінде музыкалық театрлар режиссерлігіне өмірлік мектеп, тіршілік тәжірибелері ауадай қажет. Оның жолы күрделі, құр жаратылысыңа сеніп, кеуде соғуға болмайды. Музыкалық сауат қажет, ол үшін, әрине, ең болмағанда, консерваторияның әншілік бөлімінен оқып-үйрену міндет», деген көрнекті театр сыншысы, зерттеушісі Әшірбек Сығайдың осы тұжырымына Оңталаптың болмысы, шығармашылығы сай келеді ғой деген ойдамын.

Тағы да Әшірбек Сығайдың: «Өнер, мәдениет ұғымдарын сағат тілімен, пайыздық көрсеткіштермен айшықтау мүмкін емес десек, оған ең бастысы – жүрек қалауы, жан жылуы, көңіл сүйіспеншілігі, сана-сезім іңкәрлігі ауадай қажет» дегеніндей, Оңталапқа жүрек қалауы, жан жылуымен әлі талай жетістіктерге жетіп, биіктерді бағындыра бергей деп тілейік! Оның жаңа қызметі «Жастар театрындағы» қойылымдары мен алдағы жоспарлары жайлы жазу, талдау – өнер саласы маманының жұмысы. Менікі ойдым, ойдым баяндау ғой. Оңталап бауырым, рухани інім, «Жастар театрының» түндігін желпілдеткен шоқтығы биік шығармалар тудырып, ел-жұртыңды қуанта бер. Әрбір азамат туған топыраққа қарыздар. Қарызыңды да, парызыңды да өтеп жүрген азаматсың. Жасай бер!

Сәпен АҢСАТОВ,
Қармақшы ауданының құрметті азаматы,
«Құрмет» орденінің иегері.

Облыс әкімдігінің қолдауымен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен 17 қараша күні Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында ақын, режиссер-сценарист, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Театр қайраткерлері одағының мүшесі Оңталап Нұрмахановтың «Бабадан байрақ өнерім» атты шығармашылық кеші өтеді.



Адам жанының құпиясы шексіз. Әсіресе, оған тереңірек үңілгің келсе, бейнебір тұңғиыққа батып кеткендей әсерде боласың. Осындайда өзіңе-өзің сауал қойып, сен кімсің, ол кім, бәлкім сенен басымырақ шығар деген сауал санаңды билеп ала жөнеледі. Адамзат баласының саналы ойды меңгере бастағанына сан ғасыр өтсе де, барлық дәуір, барлық ортада адамгершілік қағидалары бірдей болып қала береді. Бірдей болатыны, адамгершілік қағидаты меніңше, саналы пендеге ортақ. Себебі ол ешқандай қоғамдық қатынастардың түрімен, сипатымен немесе идеологиялық мазмұнымен өлшенбейді. Оның өлшем таразысы біреу – адамгершілік. Ал адамгершілік қағиданы рухы күштілер ғана еңсеріп бағындырады, бағындырып қоймай өзіне қызмет жасауға мәжбүр ете алады.

"АҚЫЛ-ПАРАСАТ ИЕСІ"
ДЕП КІМДІ АЙТАМЫЗ?

Қазір көпшілік бүгінгі дәуірді сананы ақша, материалдық игілік, тұтынушылық психология билеген деген сипатта қабылдайды. Осылайша ойлайды, сол оймен жүргісі, өмір сүргісі келеді. Сол оймен таң атырып, ұйқыға кетеді. Алайда, өмірді, жаратылысты бізге сыйлаған құдіретті күштің сол адамның игілігі үшін басқа да кереметтерді сыйлағанын, ал біз сол ғажайыптарды қаншалықты тиімді, ақылмен пайдаланып, жұрт алдында ар-ұят, мәдениеттілік, ұстамдылық деген қасиеттерді өз болмысымызға сай келетіндей боямасыз сіңіріп жүргендерді білеміз бе? Ең өкініштісі, осындай игі жақсылардың қасымызда жүргенін әлі бағасы беріле қоймаған мына сүреңсіз, мазасыз уақыттың әсері ме, аңғара бермейтінімізді мойындауға тура келеді.

Жуырда бір бауырымызбен облыстық медицина орталығында көзіне ота жасатып, емделіп жатқан Сыр өңірінің абыз ақсақалы, елдің ардақтысы 98 жастағы Бөрібай Құлманов ағамыздың көңілін сұрап, жағдайын біліп, тілектестігімізді білдіруге бардық.

Ол кісі біздің келгенімізді көріп дереу орнынан тұрып, орындықтарға жайғастырып, үстіндегі киімін тәртіпке келтіріп, төсегінің шетіне жайғасып барып жағдай сұрасты. Ағаның қасында біраз болып қайтуға ыңғайланғанымызда орнынан тұрып, «шығарып салмай-ақ қойыңыз» деген өтінішімізге қарамастан, сыртқа шығатын баспалдаққа дейін келіп, ризашылығын білдіріп батасын берді. «Ойпырмай, жасы ұлғайған адам бізді сол жатқан қалпында да қабылдап, сол жерден-ақ қоштасса да болар еді ғой» деген ойға келдім. Сөздің реті келгенін айта кетейін, осыдан 7-8 ай бұрын ағайындардың атқарылатын іс-шарасына шақырушы ретінде ол кісінің үйіне бардым.

Үйде жалғыз өзі жеңіл киімдерімен жүр екен. Мені үйге кіргізіп қонақ қабылдайтын бөлмеге жайғастырды да, өз бөлмесіне барып киімдерін толық ауыстырып, мұнтаздай болып киініп келіп, қасыма жайғасып барып, жағдай сұрасты.

Іштей ағаның отының басына келген қонаққа деген құрметін және адами мәдениетінің биіктігіне тәнті болдым.

Ағамыз өзінің адамдық қалпын, табиғи болмысын, қазақы кеңпейілдігін, тектілік, дегдарлық қасиеттерін сақтай білгендігін сезініп, бір көтеріліп қалдық. Сірә, «Асыл адам айнымас» – деген сөз осы ағайдай кісілерге айтылған болар деп ой түйдік. Осы орайда сырдариялық ақын ағамыз Сейтмұрат Ембергеновтің:

Кім келсе де үйіңе,
көсіліп жатпағайсың
Қазақтың кісі сыйлау
дәстүрін сақтағайсың.
Қонақ келсе ұшып тұр,
ол сенің адамдығың,
Ойланбасаң осыны,
көргенің аз қарандығың, –

деген өлеңі ойға оралады.

Ұлттық сипат, қадір-қасиеттеріміз осы уақытқа дейін өлмей, өшпей жасампаздық танытып келе жатса, ол осы, Бөрібай аға сияқты сирек саңлақтарымыздың, толағай тұлғаларымыздың арқасы-ау деп ойладым.

Менің өмірден азды-көпті көңілге тоқыған пайымымша әр адамның өзіне тән саналы әлемі болады. Ол кездейсоқтыққа жол бермейді. Бастан өткен әр оқиға бізді бір нәрсеге үйретеді.

Өмір – күрделі құбылыс. Оның күрделілігін, соншалықты құпиялығын толық түсінген пенде жоқ шығар, бұл әлемде. Бұл түсінбеушілікті ұлылар да, даналар да, билеушілер де мойындаған. Ертеден қалыптасқан таным пәлсафасы бойынша адам өмірде бәрінің де – махаббаттың, отбасының, биліктің, саясаттың, тәрбиешіліктің, спорттың, ой және қол еңбегінің дәмін татып көргенде ғана рухани өсудің барлық сатысынан өтеді. Бұл жолдан өткендерді рухани патшалықта болған деген ұғым және бар. Рух биіктігі рухани адамгершілік және интеллектуалдық қажеттіліктің заттық қажеттіліктен қаншалықты биік екендігімен өлшенеді. Сол таным бойынша мен білетін Бөрібай ақсақал осы жолдардың барлығынан санасына, ойына титімдей де қылау түсірмей, сүрінбей, аптықпай, абыроймен өткен кісі. Ескіден қалған философия ілімінде балтамен кескен ағаш қайта өседі, түзеліп кетеді, семсер кескен ет пен сүйектің жарасы жазылады, бітіп кетеді, ал тілдің жарасы дауасыз дерт, мәңгі жазылмайды. Денеге кірген оқты суырып алуға болады. Сөз де оқша шаншылады, бірақ ол жүрекке қадалатындықтан, суырғанмен алынбайды делінген. Рас сөз. Әлемдік саясаткер У.Черчилль: «саясат та соғыс сияқты, бірақ соғыста бір-ақ рет өлесің, ал саясатта қайта-қайта өлуге тура келеді» депті. Сол сияқты Бөрібай ақсақалдың жүріс-тұрысы өзгеге деген құрметі қаншалықты ұқыпты, инабатты болса, айтатын сөзіне соншалықты абай болатынын байқап жүрмін. Бұл – енді ақылдылықтың, парасаттылықтың, адами болмыстың белгісі. Соған қарағанда адамгершілік те ізгі ниетті адамдардың еншісіне бұйыратын қасиет секілді ме деп ойлаймын.

«Жақсы адам елдің басшы
серкесіндей,
Жұғымды болар елге
еркесіндей»

– деп Сүйінбай ақын жырға қосқандай әр елдің айнымас асыл адамгершілік қасиеттерімен жан-жағына сәуле шашып, жылылық ұялатып тұратын, еліне ие, халқына қамқор, жөн сілтеп, жол көрсететін азаматтары болады. Нар тұлғалы сондай азаматтардың өрелі істері жайлы қанша айтсаң да артық емес.

Адамның адамгершілік қадір-қасиеттері, азаматтық биіктігі, төңірегіндегілерге жанашырлық сезімі кейде айқынырақ сезілетін, көрінетін кездері болады. Бәлкім, бұл қасиеттер, жайбарақат кездерде, күнбе-күнгі қайталанатын тіршілікте көзге түсе қоймауы да, байқалмауы да ықтимал. Мұндайды тек өз басыңа тікелей қатысты оқиғалар орын алғанда ғана сезінесің.

Осындай бір сәттегі Тұрғанбай Маханов ағамыздың кісілік болмысын еске алып атап өткім келеді.

Балам Азаматтың үлкен ұлы Әлихан немерем бір жасты енді толтырған кезінде бір сәт бақылаусыз қалып, биіктеу орналасқан төсегінен жерге құлап, шырылдап жылап, бәріміз үргін-сүргін болдық та қалдық. Мұндай кездерде адам санасын жаман ойлардың төңіректеп, орнығып қалатыны белгілі ғой. Сыртынан ешқандай жарақаты көрінбегенмен, әлдеқалай болды деген күдікпен немеремді медициналық орталыққа алып келдік.

Орталықтағы қызметкерлерден бізге қатысты дәрігер мамандар жайлы сұрастырып тұрған кезімізде, осы орталықтың салынып іске қосылуына көп еңбек сіңірген, кейін осы мекемені көп жыл басқарған, бүгінде өзінің жиған тәжірибесін, білімін кейінгі жас мамандарға үйретіп, кеңес беріп, қамқорлық жасап жүрген Тұрғанбай ағамыз бізді көріп қасымызға келді. Жағдайымызды білгеннен соң өзінің бар жұмысын тастап, ертіп алып тиісті дәрігерлерге көрсетіп, тексерулерден өткізіп уайымымызды сейілтіп, ағалық қамқорлығын көрсетті. Ағаның үлкендігін, ағалық қамқорлығын көрген тек біз ғана емес, көптеген азаматтардың айтып, ризашылығын білдіріп жүргенін еститінбіз.

Кез келген адамның тағдыры үшін жан дүниесі тебіреніп тұратын бойында адамдық, кісілік, адалдық, қамқорлық өз жарасымын тапқан ардақты ағаларымыздың ортамызда жүргеніне шүкіршілік жасадық. Осындай кісілермен жарасымды сыйласып жүргенімізді мақтан тұттық.

Жастау кезімде нағыз тұлғалар бөлек жаратылған жандар шығар, олар бізден тыс әлемде өмір сүретін болуы керек деп топшылайтынмын. Сол тұлғалардың әлгі өзіміз айта беретін қу дүниенің соңында соқыр сенім, ой мешеулігімен адасып жүргендердің арасында сирек те болса кездесіп қалатынына қанағат сезімін білдіргім келеді. Сол қанағат сезімі санаға, көңілге жылылық ұялатады, жақсылыққа, үмітке жетелейді. Мына өмірде жақсылық, ізгілік атаулының әлі жоғала қоймағанын сезінесің. Тек соны байқай бермейміз-ау, сірә...

Әріп ҚОЖБАНОВ.

ЖОБА

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСАТЫН АЗАМАТТАРДЫ КӨТЕРМЕЛЕУДІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘРТІБІН, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРҒА АҚШАЛАЙ СЫЙАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қоғамдықтәртіптіқамтамасызетугеазаматтардың қатысуы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ж.Сүлейменовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Қ. КӨШЕРБАЕВ.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____Қ.Мұхитов
2018 жылғы «___»_____

Қызылорда облысы әкімдігінің
2018 жылғы «___»_____ №____қаулысына
қосымша

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСАТЫН АЗАМАТТАРДЫ КӨТЕРМЕЛЕУДІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘРТІБІ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРҒА АҚШАЛАЙ СЫЙАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

1. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қызылорда облысының, аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдіктері құратын комиссиялар (бұдан әрі - комиссия) қарайды.

2. Комиссияның құрамына жергілікті өкілді органдардың, жергілікті атқарушы органдар мен полиция органдарының өкілдері енгізіледі.

3. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды ақшалай сыйақымен көтермелеу жөніндегі ұсыныстарды комиссияның қарауына полиция органдары ұсынады.

4. Комиссия қабылдаған шешім - көтермелеу үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге сәйкес полиция органы басшысының бұйрығы – көтермелеуге ақы төлеу үшін негіз болып табылады.

5. Ақшалай сыйақының мөлшерін комиссия қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көтермеленетін адамның қосқан үлесін және ол немесе оның қатысуымен жолы кесілген құқыққа қарсы әрекеттің нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың көлемін ескере отырып белгілейді және ол, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

6. Ақшалай сыйақы төлеуді, көтермелеуге ұсыныс енгізген полиция органдары жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізеді.

7. Көтермелеуге ақы төлеуге арналған қаражат полиция органдары шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 27 наурыздағы № 266 бұйрығына 21-қосымша

Жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгі шарт

_______________ 20__ жылғы «__»__________
(шарттың жасалған орны)
Бұдан әрі, Өнім беруші деп аталатын__________________________
____
(жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді
____
ұсынатын субъектінің атауы, құрылтай құжаттары, заңды тұлғаны
____атынан
мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама, берілген күні және берген орган)
_________________________________негізінде әрекет ететін
(құжаттың атауы)
____
(лауазымы, А.Ә.Т.)
бір тараптан және бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын__________________
____атынан
(тұтынушының деректемелері, мекенжайы (заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның А.Ә.Т.) қажеттісін сызып қою)
____
_________________________________ негізінде әрекет ететін
____
(лауазымы, А.Ә.Т.)
екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

есеп айырысу кезеңі - тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға төлемге ұсынылатын жылу энергиясына арналған шартпен айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);

жылу желісінің теңгерімдік тиесілілігінің шекарасы – Өнім беруші мен Тұтынушы арасындағы жылу желісін оның теңгерімдік тиесілілігіне сәйкес бөлу нүктесі (сызығы);

энергиясы үшін есеп айырысу – Тұтынушының Өнім беруші берген төлем құжаты негізінде есеп айырысу кезеңі аяқталған соң тұтынылған жылу энергиясы үшін төлемақысы;

жылумен жабдықтау жүйесі – жылу көздері, жылу желілері және жылуды тұтыну қондырғыларының жиынтығы;

жылу тұтынатын қондырғы – жылу энергиясын Тұтынушының қажеттіліктері үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған қондырғы;

жылу желісі – жылу энергиясын беруге, таратуға арналған құрылғылар жиынтығы;

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – жылу тұтынатын қондырғылардың және/немесе желілердің теңгерімдік тиесілілігі бойынша немесе тараптардың келісімімен айқындалатын тараптардың жылу тұтынатын қондырғыларын және/немесе желісін бөлу нүктесі (сызығы), кондаминиум объектісін басқару органының басқаруындағы көп пәтерлі тұрғын үйлердегі Тұтынушының және энергия беруші ұйымның немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымның арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабы (Элеватор) кірісіндегі ысырмаларының алғашқы бөлу фланеці бойынша айқындалады;

төлем құжаты – Өнім беруші есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштерінің негізінде жазған, ал ол болмаған немесе уақытша бұзылған жағдайда, есептеу жолымен - оның негізінде Тұтынушы тұтынған жылу энергиясы үшін төлемақы жүргізетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту шоты);

тұтынушы - жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметті пайдаланатын немесе пайдалануға ниетті жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті органның ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті;

өлшеу құралдарын тексеру – өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкес келуін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

өнім беруші – өндірілген және (немесе) сатып алынған жылу энергиясын Тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым;

1. Шарттың нысанасы

2. Шарттың алдындағы міндетті талаптар:

____

(осы тармақта міндетті талаптар көзделеді: энергетика саласындағы қолданылатын нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға сәйкес жылу энергиясын беру және тұтыну режимі, бумен және ыстық сумен жылу энергиясын ең жоғарғы сағаттық босату, сондай-ақ энергетика саласында қолданылатын нормативтік техникалық құжаттаманы ескере отырып жылу жеткізгіштері тиісінше ең жоғары сағаттық шығысы және оны қайтару талаптары, жылу энергиясын кәсіпкерлік мақсатта пайдаланатын заңды немесе жеке тұлғаларға арналған жылу энергиясының мөлшері, тұтынушыларға қайтарылатын конденсаттың көлемі мен сапасы, оның ішінде жылумен жабдықтау жүйелері дайындығының техникалық актісінің, жылу желілерінің теңгерімдік тиесілілігінің және тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу актісінің және өзге де құжаттардың болуы).

Шарт алдындағы міндетті талаптар қажет болған жағдайда Шартқа жеке қосымшамен ресімделеді.

3. Өнім беруші Тұтынушыға жылу энергиясын қосылған желі арқылы беруге міндеттенеді.

Бұл ретте, тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) тараптардың теңгерімдік тиесілілігінің шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және мемлекеттік стандарттарда немесе энергетика саласындағы өзге де нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ Өнім беруші жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес келуге тиіс.

Өнім беруші Тұтынушыны Шартқа сәйкес жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.

3. Көрсетілетін қызметтерді ұсыну шарттары

4. Өнім беруші жылу энергиясын босатуды, тараптардың келісімімен өзгеше келісілмеген болса, үздіксіз жүргізеді;

5. Тұтынушының тұтынатын жылу энергиясының жүктемесі мен санын Шартта көрсетілгеннен асыруына, бірақ алынған техникалық шарттардағы мәлімделген және тіркелген жобалық шамалардан аспайтын, Тұтынушының өтінімі бойынша Өнім берушінің рұқсатымен жол беріледі, бұл ретте Шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

6. Тұтынушы Өнім берушіге Шартта айқындалған талаптармен жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимі мен осы Шартта көзделген басқа талаптарды сақтауға міндеттенеді;

7. Өнім беруші Тұтынушыға жылу энергиясын беруді электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында және осы Шартта көзделген жағдайларда, оның ішінде:

1) мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі мемлекеттік орган куәландырған жылу тұтыну қондырғыларының қанағаттанарлықсыз жай-күйі авария қауіпін тұғызатын немесе азаматтардың өмірлері мен қауіпсіздіктеріне қауіп төндіретін жағдайда, Тұтынушыны міндетті түрде хабардар етіп және толық жеткізілмеген жылу энергиясы үшін кейін қайта есеп айырысу жүргізіп;

2) жылу тұтыну қондырғыларына және (немесе) жылу энергиясын есепке алу аспаптарына олардың техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Өнім берушінің және Мемлекеттік энергетикалық бақылау өкілдерін жібермеген жағдайда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертіп;

3) осы Шарттың 8-тармағында көзделген жағдайларда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертіп;

4) жылу тұтыну қондырғылары жүйелерін есепке алу аспаптарын орнату орнына дейін қосқан жағдайда;

5) жылу желісіне жаңа қуаттарды өздігінен қосқан жағдайда;

6) тараптардың арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі ұсынылған қызметтер үшін ақы төлемеген жағдайда;

7) жылу тұтыну қондырғыларының және жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмыс істеуінің техникалық дайындығы актісінсіз жылу желілеріне қосылған және Тұтынушыда тиісті дайындалған персонал және жылу тұтыну қондырғыларының қауіпсіз әрі сенімді жұмыс істеуіне жауапты адамды тағайындау немесе осындай қызмет түрімен айналысуға рұқсаты бар мамандандырылған ұйыммен қызмет көрсетуге шарт болмаған жағдайда;

8) тараптардың келісімдерімен өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген конденсат көлемін 30%-дан кем қайтарған жағдайда тоқтатуға немесе шектеуге құқылы.

Өнім берушінің жылу энергиясын беруді тоқтатуы мен шектеуі Тұтынушыны ескертумен:

осы тармақтың 1), 4) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда – жедел түрде;

осы тармақтың 6)-9) тармақшаларында көзделген жағдайларда – жылумен үздіксіз жабдықтау объектілерін қоспағанда, кемінде үш тәулік бұрын жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Тұтынушыны жазбаша түрде ескерту Тұтынушының өзіне, қолын қойдырып беріледі не Тұтынушыға тапсырыс хатымен жіберіледі, ал осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайда Тұтынушы телефонограммамен хабарландырылуы мүмкін.

Көппәтерлі үйлерде тұратын Тұтынушыларға 1), 3), 4), 7) тармақшаларда көзделген жағдайларда жылу энергиясын берудің тоқтатылатыны немесе шектелетіні туралы ескерту кондоминиум объектісін басқару органының уәкілетті тұлғасының мекенжайына хат, телефонограмма жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жабдықтарды жөндеу және (немесе) жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізу қажет болғанда және резервтік қоректендіру жоқ болса Тұтынушыны ажырату тәртібі Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес көзделеді.

4. Жылу энергиясын есепке алу

9. Тұтынушылардың жылу тұтыну қондырғылары жылу энергиясы үшін есеп айырысу үшін есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етіледі. Тұтынушы есепке алу аспаптарын дербес алуға және орнатуға құқылы. Есепке алу аспаптарын Өнім беруші алған және орнатқан жағдайда Тұтынушы онымен Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы қолданыстағы заңнамаларында көзделген тәртіппен жылу энергиясын есепке алу аспабын алу мен орнатуға тиісті шарт жасасады. Жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру, жылу жеткізгіштің жылу энергиясын есепке алу торабының техникалық жай-күйі нормативтік техникалық құжаттамалардың талаптарына жауап беруі тиіс.

10. Жылу энергиясын есепке алу үшін үлгілері Өлшем бірліктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік тізіліміне енгізілген есепке алу аспаптары пайдаланылуы тиіс. Бұл ретте, оларда алғашқы немесе кезең-кезеңмен тексерілгені туралы осындай тексеруге құқығы бар ұйымның таңбасы болуы қажет.

Есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды энергия беруші (энергиямен жабдықтаушы) ұйымның өкілдері тұтынушы өкілдерінің не оның өкілінің қатысуымен, ал көрсеткіштерді қашықтан алатын есепке алу аспаптарын орнатқан жағдайда Тұтынушының қатысуынсыз жүргізеді.

Тұтынушының кінәсінен екі есеп айырысу кезең ішінде коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкіндігі болмаған кезде және бұл ретте тұтынушы өзінің тұтынған жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметті энергия беруші ұйымға ұсынбаса, онда энергиямен жабдықтаушы ұйым өткен жылдың осыған ұқсас кезеңі үшін нақты тұтыну бойынша кейін қайта есеп айырысу жүргізе отырып, жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша есеп жүргізуге құқылы. Тұтынушының кінәсінен есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуға мүмкіндіктің болмауы Өнім берушінің журналына тиісті жазбамен расталады.

11. Есепке алу аспаптарын кезеңмен тексеру, жөндеу және техникалық қамтамасыз етуді энергия беруші ұйым не осындай қызмет түріне рұқсаты бар өзге мамандандырылған ұйым Тұтынушымен жасалған жеке шарт бойынша жүзеге асырады.

Тұтынушы есепке алу аспаптарын кезеңмен тексеру, жөндеу және техникалық қамтамасыз етуші мамандандырылған ұйымды өзі таңдауға құқылы.

12. Тараптар өздерінің теңгерімдеріндегі есепке алу аспаптарына өз есептерінен метрологиялық стандарттарға сәйкес көзделген мерзімдерде метрологиялық тексеруді жүргізеді.

Тараптар талап ететін тараптың есебінен жүргізілетін қосымша тексерулер жүргізуді талап ете алады.

13. Өнім беруші жеткізген және Тұтынушы алған жылу энергиясы мөлшері есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады. Тұрмыстық тұтынушыларда есепке алу аспаптары болмаған кезде, төлемақы мөлшері осы елді мекен (өңір) үшін Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген нормалар бойынша айқындалады және оны уәкілетті органның ведомствосы бекітеді.

14. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын босатуды есепке алу тараптардың теңгерімдік тиесілілігінің бөлу шекарасында жүргізіледі. Есепке алу аспаптары тараптардың теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында орнатылмаған жағдайда, бөлу шекарасынан есепке алу аспаптары орнатылған жерге дейінгі желі учаскесіндегі ысыраптар желінің аталған учаскесі теңгерімінде тұрған иеленушіге жатады.

Жылу ысыраптарын есептеуді немесе жылу ысырапына сынақты энергия беруші ұйым Тұтынушымен бірлесіп жүргізеді.

15. Жабдықтардың техникалық жай-күйі үшін жауапкершілк және тұтынушының меншігіндегі, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігіндегі жылу желілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұтынушыларға жүктеледі және теңгерімдік тиесілілігінің шекарасы бойынша анықталады.

Жылу энергиясын есепке алу аспаптарының сақталуына жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілігінің шекарасы бойынша анықталады.

Кондоминиумды басқару органы жылу тұтыну қондырғыларына қызмет көрсетуді дербес немесе мамандандырылған ұйыммен шарт бойынша жүргізе алады.

16. Есепке алу аспабы істен шыққан жағдайда энергиямен жабдықтаушы ұйым көрсетілген кезеңдерге есепке алу аспаптары жоқ Тұтынушылар үшін жылумен жабдықтауды тұтыну нормасы бойынша, бірақ бір айдан аспайтын мерзім ішінде есеп айырысу жүргізеді, осы уақытта есепке алу қалпына келтірілуі тиіс.

Егер есепке алу аспабын көрсетілген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, есептеу тәртібі және есептеуді қалпына келтіру мерзімдері тараптардың жеке келісімімен белгіленуі тиіс.

Есепке алу аспаптарын үшінші тұлғалар ұрлаған немесе сындырған жағдайда сақтауға жауапты адам, Шартта өзгеше көзделмесе, бір ай мерзімінде есепке алу аспабын қалпына келтіруге міндетті. Есепке алу аспаптарын қалпына келтіру сәтіне дейін Тұтынушы өзін жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

17. Тұтынушы:

1) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді уәкілетті органның ведомствосы белгілеген тәртіппен тарифтер (бағалар, алым мөлшерлемелері) бойынша сатып алуға;

2) осы Шартта белгіленген көлемде және мерзімде белгіленген сападағы көрсетілетін қызметтерді алуға;

3) тараптардың келісімімен кәсіпкерлік мақсат және тұрмыстық тұтынуға қажетті мөлшерде жылу энергиясын алуға;

4) Шартта белгіленген кәсіпкерлік мақсат үшін тұтынылатын жылу энергиясы санын өзгертуге;

5) Өнім берушіден Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпарат алуға;

6) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өндіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үздіксіз алуға;

7) Өнім берушіден жылу энергиясын жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметке ақы төлеуді қайта есептеуді және жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуді талап етуге;

8) Өнім берушіден нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қайта есеп айырысуды талап етуге;

9) Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін уәкілетті және (немесе) сот органдарына жүгінуге;

10) жария тыңдауларға қатысуға;

11) Өнім берушіні хабардар еткен және Өнім беруші ұсынған қызмет көлеміне толық ақы төлеген жағдайда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға;

13) Өнім берушінің нақты ұсынған қызметтеріне ақы төлеген жағдайда күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Өнім берушіге жазбаша хабарлап біржақты тәртіппен Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте, жылыту жүйесі көппәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бөлігі болып табылатын жеке үй-жай иесінің жылу энергиясымен жабдықтауға жасалған Шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

18. Тұтынушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушінің жылумен жабдықтау бойынша ұсынған қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) Өнім берушіге есепке алу аспаптарының істен шыққаны немесе жұмыс режимінің және жағдайларының бұзылғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда есепке алу аспаптары тиісті құжаттармен расталған олардың соңғы тексерілуі кезінен бастап істен шықты деп есептеледі;

3) пайдаланатын желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге, энергия тұтынудың белгіленген режимін сақтауға, сондай-ақ Өнім берушіге авариялар, өрттер және энергияны пайдалану кезінде туындайтын өзге де бұзушылықтар туралы дереу хабарлауға;

4) жоспарлы жөндеулер, авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жағдайларынан басқа, жылу тұтыну қондырғыларын пайдалануға қосқанға дейін және әрбір жылыту маусымының алдында Өнім беруші берген техникалық дайындық актісін ресімдеу үшін іс-шаралар кешенін жүргізуге;

5) желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын есепке алу аспаптарына және жылу тұтынатын қондырғыларға Өнім беруші және Мемлекеттік энергия бақылау өкілін кедергісіз жіберуді қамтамасыз етуге;

6) Шартты бұзу кезінде (жылжымайтын мүлікті сату және т.б.) есеп айырысуларға салыстыру жүргізу және Өнім берушінің жылу энергиямен жабдықтау бойынша нақты ұсынған қызметтеріне қарызын өтеуге міндетті.

19. Өнім берушінің:

1) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес Тұтынушылардың сақтаулары үшін міндетті техникалық шарттарды белгілеуге;

2) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіпке сәйкес есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және оларды тексеруді ұйымдастыруға;

3) осы Шарттың 7-тармағында көзделген тәртіппен, осы Шарттың 7-тармағының 6) тармақшасында көзделген жағдайларда Шарттың орындалуын біржақты тәртіппен тоқтата тұруға;

4) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

5) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылуы кезіңінде жылу энергиясын жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де іс әрекеттерді жасауға құқығы бар.

20. Өнім беруші:

1) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тең жағдайларды ұсынуға;

2) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға Тұтынушымен Шарт жасасуға;

3) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі ұсынылған қызметтер үшін Тұтынушылардан төлемдер қабылдауды қамтамасыз етуге;

4) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шартты жасасу кезінде Тұтынушылардың құқықтарын бұзуға жол бермеуге;

5) жылу желілерінің теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында осы Шартта көзделген жылу энергиясының параметрлерін ұстауға;

6) Тұтынушыға өз құзыреттерінің шегінде мемлекеттік органдар белгілеген сапаға қойылатын талаптарға сәйкес, сондай-ақ Шарттың талаптарында белгіленген тәртіппен және мерзімде жылумен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға;

7) жасалған Шарттың талаптарына сәйкес жылумен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнына қайта есептеу жүргізуге және жылу энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуге, уәкілетті орган бекіткен нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу әдістемесіне сәйкес нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға;

8) Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясын есепке алуды және оның сапасына бақылауды жүргізуге, жылу энергиясы сапасының бұзылуының алдын алу және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;

9) Тұтынушы жылу энергиясы сапасының төмендеуі туралы жазбаша өтініш берген не ауызша өтініш жасаған күнінен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және қайта есеп айырысу жүргізуге;

10) осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа жылумен жабдықтауда үзілістерге жол бермеуге;

11) есепке алу аспабының істен шығуы Тұтынушының кінәсінен болмаған жағдайда, жылу энергиясы есебін өткен жылдың осындай кезеңі үшін Тұтынушының орта тәуліктік шығысы бойынша жүргізуге;

12) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шектік деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде Тұтынушының назарына жеткізуге;

13) Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Тұтынушы үшін жылу энергиясы тарифтерін төмендетуге;

14) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өнідіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде Тұтынушыға жылу энергиясын үздіксіз беруге;

15) жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін Тұтынушы өкілдерінің қатысуымен алуға не энергия беруші ұйым өкілдерінің көрсеткіштерді тұтынушы өкілдерінің қатысуымен алуын қамтамасыз етуге міндетті.

6. Тараптарға қойылатын талаптар

21. Тұтынушыға кварталішілік желілерді қайта жабдықтауға, Өнім берушінің келісімінсіз реттегіш және бекіткіш арматураны орнтауға, қосуға, энергетика саласындағы нормативтік құжаттарда белгіленген қауіпсіз пайдалану талаптарына және басқа да талаптарға жауап бермейтін жабдықтар мен қондырғыларды пайдалануға, жылу энергиясын есепке алудың қолда бар схемаларын бұзуға, сондай-ақ жылыту жүйелеріндегі жылу жеткізгішті мақсаты бойынша пайдаланбауға жол берілмейді.

22. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін немесе өзгеше жолмен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларын бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.

7. Есеп айырысу тәртібі

23. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізеді;

24. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған нақты қызметтеріне ақы төлеуді есеп айырысудан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді. Есепке алу аспаптары болмаған жағдайда Тұтынушы ақы төлеуді осы Шарттың 13-тармағына сәйкес жүргізеді.

25. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, төлемақы бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты түрде (не тараптардың келісімі бойынша Өнім берушінің алдындағы Тұтынушының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса) есептеледі. Егер Тұтынушы Өнім берушінің келесі есеп айырысу кезеңіндегі қызметтерінен бас тартса, артық төленген сома қайтарылады.

26. Егер коммерциялық есепке алу аспаптары ақаулығының нәтижесінде және басқа да жағдайларда шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

27. Шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына ақша аудару Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша Тұтынушының міндеттемелерін орындауы деп танылады.

8. Дауларды шешу тәртібі

28. Жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты, сондай-ақ оның сапасының нормативтік-техникалық құжаттамалар талаптарына сәйкес келмеуі уақыты (күні, сағаты) көрсетіліп, кейін жылу энергиясын тиісті сапада беруді қалпына келтірудің уақыты (күні, сағаты) белгісі қойылып, Өнім берушінің диспетчерлік қызметі журналында белгіленуі қажет.

29. Жылу энергиясын берудегі үзіліс кезінде немесе тиісті сападағы жылу энергиясын бермеу кезінде Тұтынушы бұл туралы Өнім берушіні өзі (өтініммен) немесе міндетті түрде берілген уақыты, күні және беруші және қабылдаушы тұлғалардың тектері көрсетілген телефонограммамен хабардар етеді. Телефонограммада тауар сапасының нашарлай бастауының (болмауының) уақыты, нашарлау сипаты және Өнім беруші өкілінің болуының қажеттілігі (егер жылу энергиясы сапасының нашарлауы немесе оны берудегі үзілісті Өнім беруші журналда тіркемесе) көрсетіледі.

Тұтынушы өзі өтініш берген жағдайда өтінімнің көшірмесі болуы тиіс. Көшірмеде оның түсуін тіркеу сәтінде тіркеу нөмірі, өтінімді беру күні мен уақыты, Өтінім берушінің қабылдап алған өкілінің қолы қойылады. Жылумен жабдықтау тоқтаған жағдайда өтінім дереу, параметрлері нашарлаған жағдайда – ауытқу басталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірілмей беріледі.

Өнім беруші өтінімде (телефонограммада) көрсетілген тауар сапасының ауытқуы, Тұтынушыларға оны берудегі үзілістер туралы журналдағы белгілерді салыстырады және келіспеушіліктер болмаған жағдайда параметрлердің есептіден орта тәуліктік ауытқуына сүйене отырып, тауар құнын қайта есептеуді оны нақты тұтынуына сәйкес жүргізеді.

30. Өнім берушінің жылу энергиясын бермеу немесе сапасы төмен тауар (жылу энергиясын) ұсыну фактісін куәландырудан бас тартқан жағдайда Тұтынушы мыналар көрсетілген жазбаша өтініш жазуға құқылы:

тауарды беруден бас тартудың (ажыратудың) немесе оны сапасыз берудің басталған уақыты;
тауар сапасы нашарлауының сипаты;
өтінім берудің уақыты және оны тіркеу нөмірі (Өнім берушінің журналы бойынша);
жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақыты (оның сапасының қалыпқа келуі);
тауардың болмаған (сапасының нашарлаған) кезеңі.

Өтінішке Тұтынушы, Тұтынушының жылу шаруашылығына жауапты адам, екі тәуелсіз куә қол қояды да, Өнім берушіге жіберіледі. Егер дау реттелмесе, Тұтынушы Мемлекеттік энергетикалық қадағалауға немесе сотқа талап арыз беруге құқылы.

31. Желілік суда өз бетімен алған, тұтынушы өз бетімен жылуды тұтыну қондырғыларын қосылған, тұтынушының коммерциялық есепке алу аспаптары бұзылған, есепке алу торабында орнатылған пломба бұзылған немесе ол болмаған жағдайларда энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйым акті жасайды және тұтынушы пайдаланған жылу энергиясы көлеміне екі есе мөлшерде қайта есеп айырысу жүргізіледі.

Ыстық су бойынша қайта есеп айырысу бір жылдан аспайтын кезеңге жүргізіледі, ал жылыту желілері үшін жылыту кезеңінің басынан осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген оқиға анықталған сәтке дейін жүргізіледі.

Акт энергия беруші ұйымы өкілінің және тұтынушының немесе оның өкілінің қолдары болғанда жарамды болады. Акт тұтынушы не оның өкілі қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оны энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымның комиссиясы және (немесе) құрамы үш адамнан тұратын кондоминиумды басқару органы ресімдеген жағдайда жарамды болып табылады.

9. Тараптардың жауапкершіліктері

32. осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

33. Шот бойынша ақы төлеу мерзімі келген сәтке ол бойынша төлем жасамағаны үшін (Шарттың 28-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда), Өнім беруші Тұтынушының төленбеген сомалары бойынша төлемді кешіктірген әрбір күні үшін Тұтынушының ақшалай міндеттемені нақты орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еседен аспайтын мөлшерде, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, егер тараптардың келісімінде өзгеше ескерілмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады.

34. Егер Өнім беруші үшін Тұтынушыға жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметті ұсыну Өнім берушімен Шарттық қатынастарда тұрған басқа тұлғалардың кінәсінен болса, Тұтынушының алдында Өнім беруші жауапты болады.

35. Тұрақсыздық айыбын төлеу тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10. Форс-мажорлық мән-жайлар

36. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда Тараптардың бір де біреуінде келтірілген залалдың орнын толтыруға құқықтары болмайды. Кез келген тараптың талабы бойынша осындай жағдайда өзара міндететмелерді орындауды айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың бір де біреуі еңсерілмес күш жағдайлары болғанға дейін пайда болған Шарт бойынша міндеттерінен босатылмайды

37. Егер тараптардың бірі Шарт бойынша өз міндеттемелерін еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде орындауға жағдайы болмаса, екінші тарапты алдын ала жазбаша хабардар ету шартымен, екінші тараптың Шартты бұзуға құқығы бар.

11. Жалпы ережелер және дауларды шешу

38. Жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызмет көрсету шартын Тараптар жеке тәртіппен жасайды.

39. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе толық немесе Шарттың ережесіне қатысты әрекет бойынша туындаған қандай да бір даулар мен келіспеушіліктер жағдайында тараптардың кез келгені басқа тарапқа даудың мәнін толық баяндап қарсылығын басқа тарапқа жіберуге құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

40. Келісімге келмеген жағдайда Шарт бойынша келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

41. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

42. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалады.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

12. Шартты қолдану мерзімі

43. Шарт оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы «__» ________ дейін қолданылады.

44. Шарттың қолданылу мерзімі жылу энергиясының көлемі нақтыланып белгілі бір мерзімге ұзартылады, егер тараптардың бірі бұл туралы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарт мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

13. Тараптардың заңды мекенжайлары, банк деректемелері және қолдары

Өнім беруші: Тұтынушы:
____________________ ____________________
____________________ ____________________

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен 2018 жылғы 14 қарашасында сағат 11.00-11.30 аралығында республика бойынша «ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ДИКТАНТ» өтеді.

Шараның мақсаты – жаңа қазақ әліпбиін насихаттау, латыннегізді қазақ әліпбиін практикалық тұрғыда меңгеруге дағдыландыру.

Диктантты арнайы белгіленген орындарда және emle.kz, tilalemi.kz сайттарында, «Шалқар» және Қазақ радио арналарында тікелей эфирде мәтін аудиосын тыңдап, жазуға болады.

Жалпыхалықтық диктант барысы туралы радио, теледидар арқылы тікелей репортаждар ұйымдастырылады, хабарлар таратылады. Қажетті ақпаратты emle.kz, tilalemi.kz сайттарынан аласыздар.

ЖОБА

Қызылорда облысы бойынша жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

«Қазақстан Республикасының Су кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі кодексіне, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексінің 569-бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. «Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №300 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5192 нөмірімен тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 31 қазандағы №164-165, «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 қарашада жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының сессиясының төрағасы

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы «___» _________№ ____ шешіміне қосымша

Қызылорда облысы бойынша жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Сырдария өзені және Арал теңізі бассейнінде арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
1	Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	125,8
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қосқанда	теңге/1000 текше метр	356,0
3	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	10,8
4	Су көздерінен су алатын тоғандық шаруашылықтар	теңге/1000 текше метр	98,7
5	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
6	Су көлігі	теңге/тонна шақырым	13,5

Жеке қаржылық бастама бойынша мемлекеттік–жекешелік әріптестік жобасына қызығушылық білдірушілер бойынша сұраныс білдіру туралы хабарлама

«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығы негізінде «мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың іске асырудың кейбір мәселелері туралы» жобасын іске асыруға жеке қаржылық бастама бойынша қызығушылық білдірушілер бойынша сұраныс білдіретіндігін хабарлайды. Қызылорда қаласының сол жақ жағалауындағы 320 орындық балабақша құрылысы.

1.Жобаның мақсаты:

Қызылорда қаласы мен Қызылорда қаласының сол жағалауындағы жаңа әкімшілік-аумақтық орталықтың қажеттілігін қанағаттандыру үшін 320 орындық балабақшаны құру, мектеп жасына дейінгі балаларды жоғары сапалы, үздіксіз мектепке дейінгі тәрбиемен қамтамасыз ету.

2. Жобаның техника-экономикалық талаптары:

1) Объектінің орналасқан орны – Қызылорда қаласы, Сырдарья өзенінің сол жағалауы.

2) Қызылорда қаласының сол жағалауындағы әкімшілік-іскерлік орталығының аумағында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз ететін 320 орындық балабақшаны құру.

3) Қызылорда қаласының сол жағалауындағы жаңа әкімшілік-аумақтық орталық аумағында балабақшалардың болмауына байланысты әлеуметтік шиеленісті төмендету және әлеуметтік мәселелерді шешу.

4) Қызметкерлерге тұрақты табыс алуға мүмкіндік беретін 91 жаңа жұмыс орнын ашу.

3. Басты көрсеткіштері:

- Мектепке дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу;
-мектепке дейінгі балалардың бастамасын, қызығушылығын, еркіндігін және өзінің шығармашылық өзіндік жетілдіруі дағдыларын дамыту;
- балалардың мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін жағдай жасау;

4. Байланысу деректері:

«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел 8/7242/ 605460, электронды пошта:e.alpisbaev@korda.gov.kz жауапты орындаушының А.Т.Ә.Жоспарлау және есеп жүргізу бөлімінің бөлім басшысы Е.Алпысбаев.

5. Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі: бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫ НАЗАРЫНА!

(ШАРУА/ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҚТАРЫ, СЕРІКТЕСТІКТЕР, ӨНДІРІСТІК КООПЕРАТИВТЕР, АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАР, ӨЗГЕЛЕР)

Іске асырылып отырған цифрлық Үкіметке көшу, жер пайдалануды цифрландыру шаралары аясында облыстағы ауыл шаруашылығы құрылымдары пайдаланымындағы ауыл шаруашылығы алқаптарының электрондық картасы қалыптастырылуда. Шаруашылықтар басшыларына шаруашылыққа тіркелген жер учаскелерінің (жайылымдық, шабындық, көп жылдық екпелер алқаптары бойынша) электрондық схемаларын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің QOLDAU.kz веб-порталына енгізу қажеттігін жеткіземіз.

ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ АЛУ ҮШІН БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы, тел: 60-54-46;	Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасы, тел: 60-53-33;
Ауыл шаруашылығы бөлімдері:	Жер қатынастары бөлімдері:
Арал ауданы: Сәдуақасов Мырзадин - бас маманы Тел: 8/724/33/2-14-57	Арал ауданы: Түлеулесов Болат - бас маманы Тел: 8/724/33/2-15-43
Қазалы ауданы: Ерлепес Жақсығұл - бас маманы Тел: 8/724/38/2-12-60	Қазалы ауданы: Сейтов Еркін - бас маманы Тел: 8/724/38/2-16-47
Қармақшы ауданы:Төлегенов Жағыппар - бас маманы Тел: 8/724/37/2-10-65	Қармақшы ауданы: Еркебаев Ерлан - бас маманы Тел: 8/724/37/2-13-78
Жалағаш ауданы: Жаханова Алтыншаш - бас маманы Тел: 8/724/31/3-18-84	Жалағаш ауданы: Ыдырысов Дархан - бас маманы Тел: 8/724/31/3-19-78
Жаңақорған ауданы: Жексенбаев Бахыт - бас маманы Тел: 8/724/35/2-24-02	Жаңақорған ауданы: Байұзақұлы Ғабит - бас маманы Тел: 8/724/35/2-12-78
Сырдария ауданы: Қозыбаев Айбек - бас маманы Тел: 8/724/36/2-11-30	Сырдария ауданы: Ұзақбаева Жадыра - бас маманы Тел: 8/724/36/2-17-96
Шиелі ауданы:Абдрахимова Раушан - бас маманы Тел:8/724/32/4-33-63	Шиелі ауданы: Райымқұлова Ұлболсын - бас маманы Тел: 8/724/32/3-55-02
Қызылорда қаласы: Жүсіпов Қойшыбай - бас маманы Тел: 8/724/2/70-11-58	Қызылорда қаласы: Сағынбай Ерлан - бас маманы Тел: 8/724/2/24-42-42

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм.
Байланыс тел.:
8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.
(6-1)



*«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru***

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда жолдары» ЖШС барлық үлескерлеріне кезектен тыс жалпы жиналыс 2018 жылдың 11 желтоқсан күні сағат 10.00-де Қызылорда қаласы, Мостовая көшесі, н/с мекен-жайында өтетінін хабарлайды.
Күн тәртібінде:
Ұйымдастыру мәселесі.

«Қызылорда жолдары» ЖШС әкімшілігі.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы "Ақмешіт" гуманитарлық-техникалық институтының ректоры Үргенішбеков Айтмағанбет Тұрсынбайұлына апасы

Бақыткүл
Тұрсынбайқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Эко-Service» ЖШС ұжымы серіктестіктің бас есепшісі Ғалия Абдрамановаға әкесі

Тоқтасын Абдрамановтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Қызылорда қалалық білім бөлімінің қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымы орталық басшысы Баймұрзаев Ғалым Қонақбайұлына әкесі

Қонақбай Баймұрзаевтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

BASTAMA

ЦИФРЛЫҚ ЖУРНАЛ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Астана қаласында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ұйымдастыруымен, «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ және Astana Hub халықаралық технопаркінің қолдауымен «Digital Bridge» атты халықаралық инновациялық форум өтті. Форум аясында Қызылорда қаласында облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Ашық азаматтық қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығы қоғамдық қорының бірлесуімен «Digital media: мүмкіндіктер мен тәжірибе» атты семинар ұйымдастырылды.

Сара АДАЙБАЕВА

Шарада медиа саласындағы цифрлық технологияның дамуы мен бүгінгі жетістігі кеңінен талқыланды. Сонымен бірге «ULYS» журналының шығарушылары Ержан Қалымбайұлы мен Болат Әскерұлы цифрлық журналдың құрылымы мен мазмұнын түсіндіріп, таныстырылымын өткізді.

«Біз жақсы сапалы әрі терең танымдық дүниелерді, әлемде, әсіресе медиа саласында болып жатқан соңғы жаңашылдықтарды халыққа жеткізуіміз керек деген ниетпен «Ұлыс» жобасын бастадық», – деді жоба авторы әрі журналдың бас редакторы Ержан Қалымбайұлы.

Цифрлық журналдың бірінші беті өзіндік айтар ойы бар, шетелде оқыған білімді әрі іскер жастарға арналған. Автордың сөзімен айтсақ, ондағы мақсат – ақылды жастарды дәріптеу. Әрбір санында Қазақстан мен Түркі әлеміне қатысты сараптамалық мақалалар мен сұхбаттар жарияланады. Мәселен, бірінші нөмірінде Түркі әлемі мен Орта Азия интеграциясына басымдылық берілген. Қырғызша, өзбекше және басқа да түркі тілдерінде мақалалар жарық көрген. Осылайша, журналды халықаралық деңгейге шығару жоспарланып отыр. Ұлттық мүдде мен Алаш тақырыбына арналған тұрақты айдар бар.

Жоғары талғаммен жасалған журналдың бүгінгі оқырманының саны 4000-ға жеткен. Әзірге үш саны жарық көрді. Демек, уақыт өткен сайын оқырман саны да артары сөзсіз. Айына бір рет шығады. Ең қызығы, цифрлық журналдағы мақаланы оқумен қатар, аудио жазбасын тыңдауға немесе бейнежазбасын көруге болады. Әрбір мақала заманауи технология бойынша өңделіп, аудио-визуалды эффектілермен көмкерілген. «ULYS» журналын Android және IOS платформалары арқылы жүктеп, кез келген уақытта оқуға болады. Бұл жөнінде Болат Әскерұлы кеңінен түсіндіріп берді.

Журнал әзірге екі адамның еңбегімен жарыққа шығып отыр. Ержан Қалымбайұлы Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-да журналистика мамандығы бойынша білім алған. Қарағанды «Фемида» заң академиясын тәмамдаған. АҚШ-тың халықаралық IVLP бағдарламасының түлегі, журналистика магистрі. Ыстамбұл университетін докторанты. Ал, журналдың дизайнері Болат Әскерұлы Түркияның Фырат университетін «радио, телевизия және кино» мамандығы бойынша бітірген. Түркияның телеарнасы мен журналында еңбек еткен. Қазіргі кезде ол цифрлық медиа, кейбір жаңа бағдарламаларды салаға енгізу, код жазу, ақпарат дәуірінде бәсекеге қабілетті медиа жасауға байланысты дәрістер береді.

Жиын соңында Ержан Қалымбайұлы журналдың алдағы уақытта әлі де мүмкіндіктері кеңейіп, одан әрі дамыту үшін жұмыс жасайтындарын жеткізді.

Құттықтаймыз

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің "Дене шынықтыру және спорт" факультетінің 1-курс студенті Әсел Серікбай Порто Каррас қаласында шахматтан өткен Әлем чемпионатында шахматтың блиц түрі бойынша Әлем чемпионы атанды.

Университет ұжымы атынан ойлылар ойынында топ жарған талантты шәкіртімізді шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта биік белестерді бағындырып, спорттық жарыстарда жаңа жетістіктерге жетуіне сәттілік тілейміз.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ ұжымы.

BÚGINGINIŃ BIR BEINESI

Адам болған соң, арман-мақсат таусылған ба?! Көпқабатты үйдегі пәтерді жер үйге айырбастау мақсатымен жарнаманы қолға алып, мекенжай бойынша үй көруге шықтық. Қазақтың «үй алма, көрші ал», «Үй алсаң, жақсыдан ал» деген өмірлік ақылы осындайда еске түседі. Жақсының үйі бұйырар деген тілекпен үй іздеу «жорығын» бастадық. Алайда жарнамада көз сүрінген көп үйдің есігін қағып, үй иесімен сөйлесе келе өрекпіген көңіліміз су сепкендей басылды. Жарнамада мін жоқ, үйлер де бірінен-бірі өтеді. Алайда көңілді қынжылтқан басқа мәселе. Шындығына келгенде үй іздей жүріп, қазақтың бүгінгі жағдайын көргендей болдық, тіпті қай үйге барсаң да қайталана беретін осы бір көрініс ойға қалдырды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

«ҮЙ САТЫЛАДЫ»

Есепсіз несие талайды тығырыққа тіреп отыр

Қала орталығындағы тәуір көшелердің бірінде орналасқан мына бір зәулім үй алыстан мен мұндалайды. Әркім де «менің үйім» болса екен дейтіндей. Еңселі үйдің ауласы да атшаптырым. Көңілден шыққан соң сауда заңымен бағасын сұрадық. Үй иелері әңгімені бағадан емес, өз жағдайларын айтудан бастады. Қысқасы, үй иесі несие қарызына белшеден батқан. Бірін той жасаймын деп, бірін үй ішін жиһазбен толтырамын деп, бір емес бірнеше несие тарихын жасаған олар уақыт өте келе шағын мемлекетінің кірісі мен шығысы сәйкес келмейтінін түсініп, басқа амал қалмаған соң кезінде маңдай тер еңбекпен салған қарашаңырақты сатуға мәжбүр. «Үстіне несиені жабатын ақша берсеңіз, пәтеріңізді айырбастаймыз» дейді келіні. «Біздің пәтерімізді көресіз бе?» деген сауалымызға, «несиеден құтылсақ болды» деп қысқа қайырды. Байқағанымыз, ене мен келін үйді тезірек өткізуге асық. Үй саудасын сырттай бақылаған ақсақалға бұрылсақ, тіпті аянышты. Үндемейді, жүзінде уайым. Бір кездері балалары үшін салған үйді бір сәтте көпқабатты үйдің пәтеріне айырбастап жіберуге амалсыз көндіккендей. Әуелгідей емес, біздің де қуанышымыз су сепкендей басылды. Қарызға батқан үйді, қарашаңырақты қимаған ақсақалдың шарасыз жайын көрген соң, саудаласуға да бата алмай, тағы да үй іздеуге бұрылдық.

Әдемі көше бойындағы қақпасы өрнектелген тәп-тәуір үй сыртына «үй сатылады» деп үлкен етіп жазып қойыпты. «Осы үйді алсақ» деген үміт оты жылт етіп, есігін қақтық. Жас отбасы екен. Ауылдағы ата-анасы бар малын сатып, үй салып беріпті. Жаңа үйге кірген жастар қоныс той жасаймыз деп, енді бірде әдемі көлік мінеміз деп несиеге батып қалғанын байқамай қалыпты. Үй бағасы нарықтан екі-үш есе қымбат екен. «Өте қымбат емес пе?» дегенімізде ұялғаннан жүзін төмен салып, «қарыздан құтылайық деп едік» деген жауап естіген соң әрі қарай саудаласуға жас отбасын аядық.

Келесі көшедегі мына бір еңселі үй де көз тартарлықтай. Кейіннен салынғаны белгілі. Қақпасын жай ғана қақтық. Үй иелері зейнет жасындағы кісілер. Ақсақал есік алдындағы орындыққа жайғасыпты. Үй саудасын кемпірінің міндетіне қалдырғандай. «Үйді қысылмай көре беріңдер, шырақтарым» деді әжей бәйек болып. «Отын-суы бәрі ішінде, жылы. Пәтерге көшеміз, үстіне көп ақша сұрамаймыз» деген әжей көңілін күпті еткен жайды одан әрі жасыра алмай, именіп қалды. Мұнда да несиенің зардабы. Шаңырақ иесі – жалғыз ұл несиеге әдемі көлік алып, өтей алмаған соң отбасымен басқа қалаға жұмыс істеуге кетіпті. Ата-анасын көшіріп алатын шамасы жоқ. «Даңғарадай үйде екеуміз не істейміз?» дейді олар. Жұбатуға сөз таба алмай, төмен қарадық...

Көше бойында ілбіп келеміз. Үй іздеуге деген құлшынысымыз көңілсіз көріністер тасасында қалғандай.

Тағы да «Үй сатылады» деген жазуды көрдік. Мұнда да көңілсіз. Несие зардабынан екіге айырылған отбасы. Біріне ақша, біріне үй керек. Қысқасы, екеулеп салған үйді енді бөлісе алмай отыр. Қай үйдің есігін қақсаң да осы бір көрініс. Сырты бүтін, іші түтін...

Қартайған шағында үйін сатып қарыздан құтылудан өзге амалы қалмаған бұл көрініс қазақта есеп жоқ екендігін көрсетті. Бүгінде көп қазақты тығырыққа әкелген есепсіз несие жайында Елбасы несие алып той жасап, дүние-мүлік алуды тоқтату қажеттігін айтқан болатын.

Ел қазір есепсіз несиенің есебін беріп жатыр...



ҚАРАБҰЛАҚ КЕНІШІНДЕ ВАХТАЛЫҚ ҚАЛАШЫҚ АШЫЛДЫ

Қарашаның алғашқы күні Оңтүстік-Торғай ойпатындағы Арысқұм иінінің солтүстік-батыс бөлігіндегі «Қарабұлақ» кенішінде бой көтерген «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ның вахталық қалашығы салтанатты жағдайда ашылды.

Қызылорда қаласынан 300 шақырым қашықтықтағы жұмысшылар ауылы ұшы-қиыры жоқ даладағы өркениеттің бір тамшысындай алыстан көз тартады. «ПҚҚР» АҚ өз жұмыскерлерінің еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін 45 орынға есептелген вахталық тұрғын кешенді салып, пайдалануға берді. Жыл басында қалашықтың құрылысын жыл соңына дейін аяқтауды уәде еткен басшылық сол үдеден шықты. Адамға өз үйінен жырақта жұмыс істеудің кейбір қиындықтарын жаңа қоныстағы жайлылық пен ыңғайлылық ұмыттырып жібереді. Туған жердің қойнауындағы қазына-байлықты өндіретін еңбеккерлер ертелі-кеш, күннің ыстығы мен суығына қарамастан жұмыс істейтіндіктен, олардың тұрмыстық, әлеуметтік жағдайлары ерекше қамқорлықты қажет етеді. Осыны ескерген «ПҚҚР», әсіресе, кеніш басындағы қызметкерлерді жайлы тұрмыспен қамтамасыз етуді басты назарда ұстап келеді.

Жаңа қоныста екі және үш адамдық бөлмелер, жаңалықтар мен телебағдарламаларды көріп-тамашалауға арналған тыныңу бөлмесі қарастырылған. Жатақхана тұрмыстық техникалармен, душ бөлмелерімен және санитарлық тораптармен жабдықталған. Көптеген жұмыскерлер үшін бұл кешен ұзақ уақыт бойы олардың екінші үйіне айналары сөзсіз.

Әкімшілік корпуста қазіргі заманғы ас үй жабдықтарымен жарақталған асхана, оқшаулау бөлмесі бар медициналық пункт, кір жуу орны және вахта жұмыскерлері қолдары бос уақытта бильярд пен теннис ойнайтын зал жайғасқан. Мұндағы 36 адамға арналған асхана тамақтың түр-түрін дайындауға өте ыңғайлы, аспаздары өз ісінің нағыз шеберлері. Ал 44 адамдық жатақхананың суы, жылуы жүргізілген, жатын бөлмелерінің бар керегі сайлы.

Мұндай жайлы қонысқа, әсіресе, мұнайшылар қуануда. Өйткені бұрын «Қызылқия» кенішінен қатынап жұмыс істейтін. Бұл уақытты тиімді пайдалануға, кеніштегі өндіріс жұмыстарын ұйымдастыруға кері әсер етпей қоймайтын. Оған жұмысшылардың қауіпсіздігі, денсаулығы, көлік шығынын қосыңыз. Ең бастысы адамның өмірі мен қауіпсіздігі болғандықтан, жаңа қалашықтың пайдалануға берілуі осы мәселелер түйінін шешіп берді.

«ПҚҚР» АҚ-ның күрделі құрылыс және сыртқы байланыстар жөніндегі вице-президенті Болат Көшербаев салтанатты шараның барлық қатысушыларын жаңа поселке қызметінің басталу қуанышымен құттықтады. Өндіріс жөніндегі директордың орынбасары Брюс Андерсонмен бірге салтанатты жағдайда лентаны қиды.

– Компанияның бүгінгі уақытта жүргізіп отырған кадрлық-әлеуметтік саясатындағы басым бағыттардың бірі – жұмысшыларға қолайлы еңбек жағдайларын жасау мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту, – деп атап өтті өз сөзінде Болат Көшербаев. – Сол себепті мұнайшыларға арналған вахталық қалашықтың ашылуы – баршамыз үшін маңызды оқиға. Қауіпсіздіктің барлық талаптарына сай келетін, тұруға қолайлы тұрғынжайды салудың сәті түскендігіне бәріміз куә болып отырмыз, мұның өзі көпшілік көңілін сүйсінтеді.

Өндіріс жөніндегі директордың орынбасары Брюс Андерсон мырза соңғы кездері «Арысқұм» мен «Қызылқия» кеніштеріндегі вахталық қалашықтарға түскен жүктеменің шамадан тыс артып кету жағдайлары байқалғанын атап көрсетті. Сондықтан ол осы аталған түйткілді мәселені шешуге жаңа объект құрылысының салынуы өз септігін тигізетіндігіне сенім білдіріп, объектінің құрылыс жұмыстарына қатысқандарға өз алғысын айтты.

«Аман Құрылыс» ЖШС-ның учаске бастығы Талант Шаттықов салтанатты түрде вахталық қалашықтың кілтін тапсырды. Жобаның сметалық құны 240 млн теңге, ал құрылыс жұмыстарына 113 млн теңге жұмсалды. Жұмыс белгіленген уақытында аяқталды.

Жұмысшылар алыста жүрсе де үйдегі жақын-жуықтарымен еш қиындықсыз хабарласа алады. Байланыс қондырғылары кедергісіз жұмыс істейді.

– Таң азанмен 5.30-да оянып, 45 шақырым әрі-бері қатынау, әсіресе қыстың күндері қиынға соғатын. Жаздың аптабында да көлікпен жүру оңай емес еді. Жатақханадағы жағдай көңілімізден шықты. Жазда – салқын, қыста жылы болуы үшін барлық техника орнатылыпты. Басшылыққа алғыс айтамыз, – дейді мұнай өңдеу операторы Нұрлан Пірәлиев.

Қарабұлақ пен Бұқарсайдағы мұнай бұлағын атқылатқан, елдің экономикасына елеулі үлес қосып жатқан мұнайшыларды, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ның вахта жұмыскерлерін жаңа қоныс тойымен құттықтаймыз!

Жұртшылықпен байланыс жүргізу бөлімі.

ХАБАРЛАМАЛАР

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (18-47) «Қарабұлақ кенішінде су айдамалау жүйесі» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекен-жайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (18-30) «Батыс Тұзкөл кенішін 35 кВ электрмен қамту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекен-жайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

Меншік иесі

СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР **Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР **Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28935
Тапсырыс №1802

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Кезекші редактор **Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**